



ОҚЫС ОҚИҒА

Сәрсенбі күні еліміздің Қорғаныс министрлігі Әскери әуе күштерінің МИ-8 тікұшағы Қызылорда облысының Жалағаш кентінен 30 шақырым жерде – Шекелі каналының маңында белгісіз жағдайда апатқа ұшырады.

Министрліктің хабарлауынша, 4 тікұшақ Ақтау қаласынан Шымкентке қарай бет алған. «Алтын жебе» арнайы бөлімшелерінің жаттығуы аясында іске асырылған ұшу түнгі уақытта, ауа райының қолайсыз жағдайында кешенді тексеру бойынша жүргізілген. Алайда тікұшақ межелі жерге жақындағанда кенеттен құлап, өртеніп кеткен. Өкінішке қарай, тосын апаттан әскери қызметтегі 13 адам мерт болды. Осыған байланысты қорғаныс министрлігінде құрылған арнайы комиссия өкілдері ішкі істер министрлігінің мамандарымен бірлесіп, әуе апатының себебін анықтау мақсатында тергеу жұмыстарын бастады. Министрліктің баспасөз қызметі қаза тапқан әскерилердің отбасына моральдық және материалдық көмек көрсетілетінін хабарлады. Қызылорда облыстық денсаулық сақтау басқармасы жетекшісінің орынбасары Олжас Ысқақовтың



ҚАРАҢҒЫ ТҮНДЕ... ҚАТЕРЛІ САПАР

айтуынша, тікұшақ құлаған жерге 4 жедел жәрдем бригадасы барған. Сенат депутаты Талғат Мұсабаев тікұшақ апатына қатысты өз ойымен бөлісті: «Қорғаныс министрлігі өткізген арнайы жаттығуы аясында тікұшақ әуеге көтерілген. Бұл топ Ақтаудан Шымкентке қарай бағыт алған. Осы аралықта Бейнеуде, кейіннен «Крайний» (Байқоңыр) әуе айлағында қону жоспарланған. Байқоңырдан ұшып шыққан соң, бірнеше минуттан кейін диспетчер қызметінің радиолокаторларында тікұшақтың

белгісі жоғалып кеткен. Кейіннен тікұшақтың апатқа ұшырағаны анықталды. Олар өте нашар ауа райы жағдайында, әрі түнде ұшты. Мен оны ұшқыш ретінде айтып отырмын. Мұндай жағдайда ұшудың қаншалықты ауыр екенін жақсы білемін. Экипаж қолдан келгеннің бәрін жасады. Бірақ техниканың аты — техника. Авиаця көліктің күрделі түрі болғандықтан, кейде осындай қайғылы жағдай орын алады. Ондай кезде экипаж да ештеңе істей алмайды».

Талғат Мұсабаев әскери ұшу ережесін бұзу бабы бойынша қылмыстық іс қозғауына қатысты да түсінік берді. Оның айтуынша, бұл — осындай жағдайда қолданылатын бап. Ал апаттың себебі туралы қорытынды жасауға әлі ерте.

Ж.ӘШІМХАНҰЛЫ

Jas qazaq газетінің ұжымы тікұшақ апатынан қаза тапқандардың отбасылары мен туыс-жақындарына қайғырып, көңіл айтады.

ҚҰРЫҚ

Киік пен аққуға оқ атпайды. Аң мен құстың киесі саналатын киік пен аққуға мылтық кезенген адам оңған емес. Бұл – қазақы ырым. Алайда соңғы жылдары Сарыарқаның кербез киігіне оқ ататындар ырым-тайымға да пысықрмайтын болды. Бұрын екі аяқты «қасқырлар» даланы қанша жортса да, түз түлігін төрт-бестен ғана атып алушы еді. Қазір көзі қанталағандар үйірімен қырып тастайтын болған.

17 наурызда Ақмола мен Қарағанды облысының аумағында 150-ге жуық киіктің өлекесі табылды. Құмалақтай қорғасыннан жазым болған киіктердің мүйізі түгел кесіп алыныпты. Жануарлар әр жерде теңкііп-теңкііп жатыр. Осының өзі киелі аңға мылтық кезенгендердің аншы емес, ақшаға құныққан құлқынның құлдары екенін аңғартады. Осы оқиғадан соң тәртіп сақшылары аяқтарынан тік тұрды. Жедел іздестіру шараларына полициялармен бірге кинолоттар да жұмылдырылды. Ақыры із кезушілер бір топ күдіктіні ұстады. Олардың арасында киікті қорғау сеніп тапсырылғандар да бар боп шықты. «Сенген серкем сен болсан»

дегендей, акбөкенді қорғайтын қорықшылардың мұнысы табиғат жанапшыларына деген



сенімге селкеу

түсіргендей.

Естеріңізде болса, қантар айының ортасында Қарағанды облысының Нұра ауданында киелі аңға оқ атқан аншылардың ізіне түсемін деп қатардағы қорықшы жігіт окқа ұшқан еді. Екі аяқты жауыздармен бетпе-бет келіп қалған

инспектор Ерлан Нұрғалиев даланың кербез киіктерін қорғау жолында ерлікпен көз жұмды. Марқұмға осы ерлігі мен еңбегі үшін III дәрежелі «Барыс» ордені берілді. Бірақ қорықшының бәрі Нұрғалиев секілді адал, жауапкершілігі мол азамат бола алмайтыны өкінішті!

Сайын даланың сәніне айналған киіктерге оқ атқан кімдер? 150-дей жануарды бір сәтте қырып салғанда анша адам болған? Осы орайда ішкі істер министрлігі баспасөз қызметінің жетекшісі Нұрділда Ораз қылмыстық іске қатысты соңғы ақпаратпен бөлісті. «Қарағанды және Ақмола облыстарында жүзден астам киік атқан браконьерлер ұсталды. Осы дерек бойынша сотқа дейінгі тергеу басталды және тәжірибелі полиция қызметкерлері мен кинолоттардан арнайы жедел-тергеу тобы құрылды. Полиция қызметкерлері киікті жаппай атты деген күдікпен бір топ адамды, оның ішінде ауыл шаруашылығы министрлігіне қарасты «Охотзоопром» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның инспекторын ұстады. Күдіктілер сот шешімімен қамауға алынды. Олардың тұратын жерін тінту барысында қару-жарақ, киік мүйізі табылды», — дейді ол.

Сарыарқаның сәні, ұлы даланың кербез киігі осыдан 4-5 жыл бұрын да белгісіз дерттен қырылып, жүз мыңнан артық акбөкеннің өлекесі өртелген-ді. Ол жолғысын табиғат апаты дедік. Ал мынау ше?

Жарас КЕМЕЛЖАН

дөп

Елімізде жұртты қатты алаңдатып отырған мәселенің бірі – алдағы уақытта көпбалалы отбасыларға берілетін атаулы әлеуметтік көмек. Шын мәнінде, бұл жәрдемақы кімдерге беріледі және оған қойылар талап қандай? Дөп пікірсайыс клубында Мәжіліс депутаты Нұртай Сәбилянов пен журналист Дәулетхан Қыдырбайұлы осы тақырыпты талқылады.



Нұртай СӘБИЛЯНОВ:

БІЗГЕ БӨГЕТ БОЛЫП ОТЫРҒАН – ЖЕМҚОРЛЫҚ

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Нұртай Сәлихұлы, өзіңізбен сұхбаттасудың сәті түсті. Жақында ғана өңірлерді аралап, сайлаушылармен кездесіп қайттыңыздар. Қазір ауылда күйіп тұрған ең күрделі мәселе ретінде нені айтар едіңіз?

Нұртай Сәбилянов: Шығыс Қазақстан облысының 3 ауданында болып, 30-ға жуық ауылдың тұрғындарымен кездестім. Ең көп көтерілген мәселе — атаулы әлеуметтік көмек. Ел арасында көпбалалы аналар, әлеуметтік жағдайы төмен отбасылар баршылық. Олар тиісті көмек алу үшін көп құжат жинауы керек. Одан кейін отбасының табысы есепке алынады. Тіпті үйіндегі студенттің стипендиясы да есепке алынады. Сондай-ақ мүгедектігі бар азаматтардың жәрдемақысы, көпбалалы отбасылардың жәрдемақысы да кіргізіледі. Қосалқы шаруашылығы бар азаматтардың табысы да есепке алынады.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Осының барлығы табыс көзі ретінде санала ма?

Нұртай Сәбилянов: Иә, табыс көзі ретінде есепке алынады. Айналып келгенде, осы мәселенің барлығы халықтың наразылығын тудырып отыр.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Қосалқы шаруашылықтың табыс көзі ретінде саналуына жеке көзқарасыңыз қалай? Экономист ретінде, осы саланы жетік меңгерген маман ретінде не айтасыз?

Нұртай Сәбилянов: Жалпы, жеке қосалқы шаруашылықтарды алынған өніміне қарай есептейді. Бірақ ауылдағы тұрғындар керемет табыс тауып жатқан жоқ.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Нақты кіріс жоқ... Нұртай Сәбилянов: Иә, нақты кіріс жоқ. Өйткені шаруа сиырын, қойын ұстаудың өзіне қаражат жұмсайды. Суы, жем-шөбі бар дегендей. Бірақ белгіленген ережеге сәйкес, бір сиыр айына — 16 мың теңге береді. Бір қой — 6 мың теңге, тауық — 1000 теңге береді деп есептеледі. Жиынтығын есептегенде, табысы белгіленген мөлшерден асып кеткен отбасылар жоғарыдағы жәрдемақыны ала алмайды. «Нұр Отан» партиясының XVIII съезінде атаулы әлеуметтік көмек көрсетуге байланысты жағдайды жақсартуға тапсырма берілді. Осыған байланысты Парламент Мәжілісінде мемлекеттік атаулы көмек туралы заңға өзгертулер мен толықтырулар енгізілді. Енді отбасылық жиынтық табысқа студенттердің стипендиясы мен мүгедектігі бар жандардың және көпбалалы аналардың жәрдемақысы да кірмейді.

(Жалғасы 3-бетте)

ҚАРАПАЙЫМ ЗАТТАР ЭКОНОМИКАСЫ

250 ТАУАРДЫҢ ІШІНДЕ ТҮЙМЕ БАР МА?



Қарапайым тауар дегеніміз – күнделікті тұтынатын зат. Оған азық-түлік, киім мен аяқ киім, жиһаз, құрал-сайман, тұрмыстық техникадан басқа ине-жіп, шеге, қайшы т.с.с. жиі қолданатын бұйымдар жатады. Статистикаға қарасақ, бізде қазір киімнің 99 пайызы, азық-түліктің 40 пайызы, жиһаздан басқа тұрмыстық тауарлардың 100 пайызы сырттан жеткізіледі.

(Бұл туралы 4-беттен оқыңыздар)



БИРЖАМЕТР



МҰНАЙ (brent)

66,62



DOLLAR

378.36



EURO

426,71



РУБЛЬ

5,84

ҚЫЗЫҚСТАН
ҚЫЗЫҚТАРЫ



Бізге
интернет
керек!

(Толығырақ 2-бетте)

БИЛІК

Осы аптада Президент Қасым-Жомарт Тоқаев аймақтардың, сондай-ақ Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары әкімдерінің қатысуымен жиын өткізді. Мемлекет басшысы еліміздегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың тұрақты екенін атап көрсетті. Кейбір бағыттар бойынша жұмысты жандандыру қажеттігін ескертті.

Қасым-Жомарт Тоқаев астана атауының және өзге қалалардағы көше атауларының өзгертілуін Елбасының Тәуелсіз Қазақстанның іргесін қалаудағы ерен еңбегін айғақтайтын тарихи оқиға деп бағалады.

— Тұңғыш Президентіміз — Елбасының дана саясатының арқасында қиын кезеңдерге төтеп бердік. Экономиканың өсу қарқынын қамтамасыз етіп, халықтың әл-ауқатын арттырдық. Ендігі кезде осы қарқынды

немесе кәсіби еңбегі үшін лайықты жалақы алу.

Тұрғындармен бетпе-бет кездесіп, диалог құру арқылы әкімдіктер көп мәселені тиісті деңгейде шеше алады. Сондықтан аймақ әкімдері тұрақты түрде елді мекендерді аралағаны абзал. Осы



akorda.kz

өңір экономикасын ынталандыруға ықпал етеді», — деді Президент.

Сонымен бірге мемлекеттің әлеуметтік саясатын жүзеге асыруға аймақтар белсенді араласуы қажет. Бүгінде әкімдіктер оннан аса әлеуметтік көмек көрсетеді. Дегенмен олар бұл мақсатта қаржының 5,3 пайызын ғана бөліп отыр.

Биылғы жылы Тікелей инвестициялар қоры құрылғаны мәлім. Алайда кей облыстарда іскерлік белсенділікті тежейтін әкімшілік кедергі мен шектеу көп. Көп жағдайда ықтимал инвестор алақан жаюшы рөлінде. Бұл жер алу, инженерлік және электр желілеріне қосылуға рұқсат алумен байланысты. Мәселені жылдам шешудің орнына орташа деңгейдегі әкімдіктер сөзбұйдаға салады. Соның нәтижесінде ықтимал инвестор басқа елге кетіп тынады. Отандық инвестордың да көрген құқайы — осы.

Сондықтан министрлер мен әкімдер өз қызметінің басты көрсеткіші тартылған инвестиция көлемі және шикізаттық емес экспортты ұлғайту екенін ұмытпауы қажет. Президент осыны ескертті.

Биыл әлеуметтік жағдайы нашар жандарға 40 мың жалдамалы пәтер беріледі. Мамыр айында осы пәтерлерді мұқтаж жандарға бөліп беру әкімдерге тапсырылды. Оған қоса, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту үшін инфрақұрылым жағы да сырт қалмауы

тиіс. Демек тұрғын үй шаруашылығы саласындағы түйткілдер дер кезінде шешімін табуы тиіс. Бұл — жылу және сумен қамту, жол, газдандыру, экология және қауіпсіздік. Осы мақсатта «Құтты мекен» және «Ауыл — ел бесігі» жобалары қолға алынды.

Биыл — Жастар жылы. Мемлекет өз саясатында жастарға қолдау көрсетуге басымдық береді. Үстіміздегі жылы «Жастар — ел тірегі» арнайы жобасы іске қосылды. Ол жастар кәсіпкерлігін дамыту, сұранысқа ие мамандықтарға баулу және жұмыспен қамтуды көздейді. Осы орайда Президент «Барлық жүйелі мәселелер, соның ішінде заңнамаға өзгеріс енгізу, бюджет қаржысын бөлу, инфрақұрылым құру осы Жастар жылында шешімін табуы тиіс», — деді.

Сондай-ақ орта білім жүйесінде үш тілділік бағдарламасын жүзеге асыру күрделі мәселе болып отыр. Мемлекет басшысы ең алдымен қазақ және орыс тілдерін оқуға, содан кейін барып ағылшын тілін үйрену керектігін баса айтты.

Жиында бұдан басқа қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жылу маусымын тиісті деңгейде аяқтау, тасқынға қарсы шаралар, көктемгі егістік мәселелері сөз болды. Берілген тапсырмалардың орындалуын қадағалау Президент Әкімшілігіне тапсырылды.

Талап ТІЛЕГЕН

ӘКІМДЕР ХАЛЫҚҚА ЖАҚЫН БОЛУЫ КЕРЕК



сактап, жұмыс тәсілдерін жетілдіріп, жүктелген міндеттерді сапалы орындау қажет. Басты мақсат — халықтың әл-ауқатын және болашаққа деген сенімін арттыру, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент қолданыстағы бюджетті қайта құру қажет екенін атап айтты.

Әкімдер қымбатқа түсетін шараларды өткізуді тоқтатуы тиіс. Сонымен бірге тұрғындардың нақты табысымен байланысты түйткілдерді тек бюджет есебінен шешу мүмкін емес екенін айқын түсіну керек. Азаматтар үшін ең жақсы әлеуметтік қорғау — өз кәсібін дөңгелету

орайда Президент әкімдерге тұрғындармен қарым-қатынаста жаңа форматқа көшулі, ашық жұмыс істеп, шұғыл жауап беру жөнінде тапсырма берді: «Аймақ басшысының азаматтармен жеке қарым-қатынас орнатуы аса маңызды. Бұл барлық деңгейдегі, ауылдан облысқа дейінгі әкімдерге қатысты».

«Үкімет пен әкімдіктер бюджет қаржысының нақты экономикаға жылдам жеткізілуін қамтамасыз етуі керек. Осы жобаларға отандық өндірушілерді барынша тартуды тапсырамын. Бұл әлеуметтік мәселелерді шешумен қоса,

1+3

Әлихан СМАЙЫЛОВ,
бірінші вице-премьер, қаржы министрі:

«Қызметі реттеуден тыс қалған несие ұйымдары тұрғындарға жоғары пайызбен несие береді. Кейде жылдық мөлшерлемесі мың пайызға дейін жетеді. Сайып келгенде, бұл ұйымдар азаматтардың қаржы сауатсыздығын пайдаланып отыр. Біздің адамдардың мүддесін қорғау үшін олардың қызметін реттеп, маржасын азайту керек. Сондықтан Ұлтық банкке мұндай несие мекемелерінің қызметін реттеп, қажет болған жағдайда шектеу өкілеттігін беруді ұсынамыз. Сонда ғана біз олардың өз қалтасын қампайтуға арналған алаяқтық тәсілдеріне тосқауыл қоя аламыз».

Ерболат ДОСАЕВ,
Ұлтық банк төрағасы:

«Тұтыну несиесі саласында тұрғындар үшін тәуекелдің күшеюіне байланысты, онлайн кредитор, ломбард сияқты банкке жатпайтын ұйымдардың қызметін реттеу туралы ұсыныстар қаралады. Келісімшарттарының ашық болуы, сондай-ақ тұтынушылардың, әсіресе, әлеуметтік жағдайы нашар жандардың құқығын қорғауға қатысты талаптар күшейтіледі».

Жанат ҚҰРМАНОВ, Ұлтық банк төрағасының орынбасары:

«Біз тұтыну несиесіндегі интернет-заемнің азаматтар мен шағын бизнеске белгілі бір қатері бар екенін байқап отырмыз. Өйткені тұрғындарға ондай несие өте жоғары пайыздық мөлшерлемемен беріледі. Бұл субъектілер несие бюросына тиісті мағлұмат бермейді. Сол себепті, халықаралық тәжірибеге сүйеніп, бірқатар ұсыныс әзірлеуді жөн көрдік. Әлбетте, Қазақстан экономикасына қандай қауіп төндіретініне қарай, әрқайсысына ер түрлі шара қолданылады. Бұл ұсыныстар дайын болғанда, Үкіметпен, сондай-ақ нарыққа қатысушылармен бірігіп талқылаймыз».

Антаның

сауалы

Роман КИМ, Мәжіліс депутаты

— Күзде Елбасы ауыл тұрғындарының жағдайын жақсартуға бағытталған «Ауыл бесігі — ел бесігі» арнайы жобасын дайындауды тапсырды. Осы мақсатта 2019-2021 жылдарға арнап 90 млрд теңге бөлінді. Бұл жол құрылысына бөлінген 160 млрд теңгені және ауылдарды сумен қамтамасыз етуге арналған 100 млрд теңгені қоспағанда. Ел үшін аса маңызды жобаны әзірлеп, қабылдауға не кедергі?»,



жауабы

Ермек АЛПЫСОВ, ұлттық экономика вице-министрі:

— «Қазіргі кезде 12 аймақ бекітті, енді екі аймақ қалды. Осы аттаның аяғына дейін пұлды толық құрамыз. Биылғы жылы 30 млрд теңгеге 500 жобаны жүзеге асыру жоспарланды».



Әлеумет.t⁰



ТАС ТҮСКЕН ЖЕРІНЕ АУЫР

Еліміз егемендік алғаннан бергі ширек ғасырдан астам уақытта жол апатынан көз жұмғандар Ауған соғысында қаза тапқан жауынгерлерден әлдеқайда көп. Бұл ел ішіндегі есеп әңгіме. Шындыққа каншалықты жанасымды? Оған көзіміз жетпейді. Алайда қара жолда дәм-тұзы таусылғандардың қатары өте көп. Жол жөнделіп, қауіпсіздік қатайса да қала мен далада жол апаты жиілеп, бейбіт күнде азаматтардан айырылып жатырмыз. Мәселен, соңғы бір аптада темір көлікте тынысы тоқтап қалғандардың санын саусак бүгіп санауға тура келеді. Елорданың өзінде автобус апатынан екі адам көз жұмып, 36 жолаушы ауруханаға түсті. Оның ішінде 4 азамат ауыр халде жатыр. Жазымынан кейін амалсыз аяғын кестіргендер бар.

Дәл сол мезгілде Алматыда бір үйлі жанның дәм-тұзы жол үстінде таусылды. Алматы-Қорғас күре жолында автокөлік апатынан үш адам көз жұмып, үш жолаушы ауыр халде ауруханаға түсті.

Халқымыз «Өлім-жітімді, жамандықты санамайды» деуші еді. Бірақ темір тұлпардың тізгінінде отырып үзіліп кеткен жандардың артында зар жылап қаншама ата-ана, жетім-жесірдің қалғаны жанға батады. Қапыда асыраушысынан айырылғандарды кім қарап, кім жетілдіреді? «Тас түскен жеріне ауыр» дейді. Елордала болған автобус апатынан жүргізушімен бірге 26 жастағы жалғызілікті келіншек көз жұмды. Марқұмның артында баласы қалыпты. Мерт болған жүргізушінің де төрт баласы жетім қалды. Жакындарына «бекем болыңыз» дегеннен басқа амалымыз жоқ.

Бас қалада болған апаттың бейнекөрінісі жан түршіктіреді. Автобус бағдаршамға тоқтап тұрған екінші бір жолаушы көлігін қатты жылдамдықпен кеп соққан. Жүргізуші жол таба алмай

калатындай тар соқпақ та емес. Автобуста болған күйерлердің бірі, аяғынан айырылған әйелдің айтуынша, жүргізуші оқиға кезінде еш қимыл жасамапты. Үні де шықпаған. Соған қарағанда, апат алдында марқұмның жүрегі тоқтап қалуы мүмкін. Бірақ бұл әзірге болжам.

Бұдан қандай қорытынды шығаруға болады? Әлеуметтік желіде жұрт қоғамдық көлік пен ауыр жүк көлігі жүргізушісін ай сайын міндетті медициналық тексеруден өткізіп тұру керектігін айтуда. Көңілге қонатын ұсыныс. Бұл арада көлікті техникалық тексеруден өткізуден бөлек, медициналық тексерудің қажеттігі аса маңызды. Дегенмен «Астана ЛРТ» басшысы Бекмырза Егенберденов автобус жүргізушісінің таңғы алты жарымда медициналық тексеруден өткенін мәлімдеді.

Елордадағы апаттан кейін құзырлы мекемелер қоғамдық көліктерді тексеруді бастады. Алдыңғы жылы Шымкенттен Самараға кетіп бара жатып, Ақтөбенің Ырғыз ауданының тұсында өртенген жолаушы автобусында Өзбекстанның 54 жолаушысы мерт болған-ды. Оқыс оқиғадан кейін Алматы, Шымкент, Астана қалаларында қалаларлық автобустар қатан тексеруден өткізіліп, құзырлы мекемелер біраз еңбектенді. Соған дейін аудан, қала арасындағы ғана емес, шетелге қатынап жүрген автобустардың жағдайы сын көтермейтіні анықталған. Алайда ешкім дабыл қақпап еді. Тіпті тежегіші үзілуге шақ қалған, қозғалтқышынан май сорғалаған жолаушы көліктері ұзақ жолға кам-қарекетсіз шыға беретін. Осындай салғырттықтың кесірінен де тас жолда талай тағдыр үзіліп жатыр. Астанадағы алапат апат жолаушылар көлігіне жайбаракат қарауға болмайтынын тағы бір дәлелдеп берді.

Жарас КЕМЕЛЖАН

Қызықтан қызықтары

БІЗГЕ ИНТЕРНЕТ КЕРЕК!

Әшейінде жұрт «жол жаман, су жоқ, жарық өшті» деп ренжитін. Интернеттің жоқтығына наразылық білдіргендерді бірінші рет көрдік.



Өскемен қаласындағы Самсоновка ауылында жүздеген тұрғын осыған дейін интернет пен уялы байланыстың рахатын көрмепті. Телефонын түртіклеуден әбден шаршаған. Мектепте оқитын ұл-қызының электронды күнделігін де қарай алмайды.

КТК телеарнасы хабарлағандай, қаладан үйіне оралған тұрғындар табалдырықты аттай сала жапанда жалғыз қалғандай күй кешеді. Әлеуметтік желіге кіру түгілі, туыс-жекжатына хабарласа алмайды. Жедел жәрдем шақыру керек болса, күре жолға қарай жүгіреді. Өйткені байланыс тек сол жакта бар. Ауылға байланыс қабылдағышын орнату үшін әкімшілік қаражат бөлуі керек. Оған арнайы жер бөлу де қиын. Себебі суды қорғау аймағында құрылыс жүргізуге болмайды.

Өскемен қаласы әкімінің баспасөз хатшысы Әлібек Тұрсымбетов «көп ұзамай мәселе шешіледі» деп жұбаталды. Оған дейін тұрғындар күре жолды «торуылдауға» мәжбүр.

Жамбыл ҚЫРҒЫЗБАЙ

Д
Ә
Л

П
І
К
І
Р

JAS QAZAQ пен КТК

телеарнасының бірлескен жобасы

(Басы 1-бетте)

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Баспанамен қамтамасыз ету — ірі қалаларда кәдімгідей шешілген мәселе. Ал аудан орталықтары мен ауылдарда ше? Жалпы баспанамен қамту мәселесі аймақтарда қалай шешілуі керек?

Нұртай Сәбилянов: Тұрғындардың ең көп көтеретін мәселесі — баспанамен қамту. Тұрғын үйге мұқтаж адам өте көп. Алматы, Астана, Шымкент қалаларында ғана емес, облыс орталықтары мен аудан орталықтары, тіпті шалғай ауылдарда да түйінді мәселелер бар. Кейбір аудандарда 700-ден 1000 адамға дейін кезекте тұр.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Бірақ ол жерде үй салынбайды...

Нұртай Сәбилянов: Иә, үй салынбайды. Үй салуға ұсыныс

Нұртай СӘБИЛЯНОВ:

БІЗГЕ БӨГЕТ БОЛЫП ОТЫРҒАН – ЖЕМҚОРЛЫҚ



берілген де жоқ. Мысалы, Аягөз Шығыс Қазақстан облысындағы ең үлкен аудан. 27 жылда ауылдарда мемлекет есебінен бірде-бір рет жана үй салынған жоқ. Ал енді салынған үй болмаса тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтардың кезегі жылжымайды. Бюджеттен көпбалалы отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз етуге 50 млрд теңге қарастырылуда.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Кейбір ауылдар бар мектебі жоқ. Көрші ауылға барып оқиды... Емханасы жоқ ауыл бар, көрші ауылға барып емделеді.

Нұртай Сәбилянов: Ондай жағдай да бар. Өңірлерді аралаған кезде көтерілген тағы бір мәселе — ауылды ауыз сумен қамтамасыз ету. Сонымен қатар жергілікті жолдарды жөндеу де бар. Қаралып жатқан республикалық бюджетте жергілікті жолдарды жөндеуге — 25 млрд теңге, ауыз сумен қамтамасыз етуге қосымша 15 млрд теңге бөлінді. Бұл да үлкен қолдау. Оның алдында да қаражат бөлінді. Сол тиімді жұмсалатын болса, көптеген мәселелерді шешуге болады.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Екі ауылдың арасындағы жол қазақша айтқанда, ит шайнағандай күйге жеткенін көріп жүрсіз. Ал екінші мәселе — соңғы 10-15 жылдан бері ауылдарға су тарту үшін «Ақбұлақ», «Таза су» секілді бағдарлама қабылданды. Бұл мақсатқа миллиардтаған қаржы жұмсалуда. Алайда әлі күнге дейін ауылдарды ауыз сумен қамтамасыз етіп болған жоқпыз. Бұл жерде не кедергі бар?

Нұртай Сәбилянов: Мәжілісте 2017 жылы елді мекендерді сумен жабдықтауға байланысты парламенттік тыңдау болды. Сол кезде еліміздегі бүкіл елді мекенге талдау жасалық. Сумен жабдықталуы қандай деңгейде екендігі талданды. Соңында Үкіметке ұсыныс жасап, қосымша қаражат бөлу керектігін айттық. Жобалық-сметалық құжат жасау және басқа да қағидаларға байланысты нормаларды қабылдауды ұсындық. Заңдарға да өзгерістер мен толықтырулар енгіздік. Былтыр қосымша 100 млрд теңге бөлу қарастырылған еді. Биыл да қосымша 15 млрд теңге бөлінді.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Биылғы 15 млрд теңге мен былтырғы 100 млрд теңгенің сұрауы болды ма?

Нұртай Сәбилянов: Үкіметтің есебін тыңдағанда осы мәселені тағы да талқылаймыз. Қандай ауылдарға жұмсалғанын, сапасы мен тиімді жұмсалудың көтереміз. Үкімет жыл сайын Парламентке мамыр айында өз есебін береді. Сол кезде қаралады.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Қыруар ақша әр салаға бөлініп

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Жергілікті әкімдер таза болуы керек деп жатырсыз. Бұл жалпы мемлекеттік қызметкерге қойылатын талап. Тағы бір нәрсе, жергілікті әкімдерге, ауыл әкіміне дейін жеке бюджеті бар. Бұл сіз айтып өткен, күдікті одан сайын үдетпей ме? Бұрын орталықтан белгіленетін. Енді өзінің қоры, ақшасы, қазынасы бар. Ол не істеймін десе де өзі біледі...

Нұртай Сәбилянов: Былтырдан бастап 2000 халқы бар елді мекендерге дербес бюджет енгізілді. Бір жыл өтті, жұмыс жүріп жатыр. Оның жақсы тұстары да бар. Қаражатты жұмсауды өздері шешеді. Сондықтан тиісті нормаларды қабылдап, қаржыны халықпен бірге болжауға, оның жүргізілуіне жол ашылады.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Біз ауылдағы кәсіпкерлік туралы айтқанда, сол жердегі тұрғындардың дені кәсіпкерлікпен айналысса екен дейміз. Бірақ жұрттың бәрі кәсіпкер бола алмайды. Ал бізде бұл кәдімгідей мемлекеттік саясат. Үкімет тарапынан кәсіпкерлікті

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Серпін

Елбасы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауында өмір сүруге жайлы орта қалыптастыру туралы жақсы айтты. Осы орайда халықты сапалы әрі қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз ету төңірегінде көп ой туындайды.

ӨЗ ОШАҒЫМЫЗҒА ЖАУАПТЫ БОЛАЙЫҚ!

Негізі, баспана мәселесі Тәуелсіздік жылдарында қалыптасқан түйткіл емес, кеңес кезінен қордаланып, кейін «мұраға» қалған күрделі де күрмеулі проблема. Оны мемлекетіміз өз ретімен шешуге күш салып келеді. Ұлттық экономика министрлігінің статистика комитетінің мәліметінше, азаттыққа қол жеткелі бері елімізде 1 миллион 316 мыңдай жана баспана салынған.

Бұған қоса, Елбасы «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында 2025 жылға дейін аз қамтылған көпбалалы отбасылар үшін 40 мыңнан астам жалдамалы пәтер салуды жүктеді. Бұл бүгінде әкімдіктерде кезекте тұрған 28 мың көпбалалы әрі жағдайы төмен отбасыны баспанамен қамту мәселесін толық шешуге мүмкіндік бермек. 2019 жылдың мамыр айында көпбалалылар арасында аз қамтылған отбасыларға осы жалдамалы тұрғын үйлер беру басталады деп хабарланды. Ал пәтерді өз меншігіне сатып алуды қалайтын отбасыларға 2 пайызбен 20 жылға жеңілдетілген ипотека беру мәселесі пысықталып жатыр. Бұл тетікті табысы «ең төмен жалақыдан» да аз (*42,5 мың теңгеден*) отбасылар пайдалана алады. Үкіметтің дерегінше, ол ипотека 4 және одан көп баласы бар отбасыларға, мүгедек балалары бар немесе мүгедек балаларды тәрбиелейтін отбасыларға, көмелетке толмаған балалары бар толық емес отбасыларға беріледі деп жоспарлануда.

Есігінен көп өрен өрген жанұяларды қолдауды күшейту шынында қажет болатын. Әйтпесе, әлемде күйзелістің тым ұзауы, елде ұлттық валютаның құнсыздануы, тауарлардың қымбаттауы аз қамтылған отбасыларға ауыр тиюде. Сүрінгеніне сүйеу бола алмаса, ол қандай мемлекет? Жұртшылық жүрегінен орын алса, мемлекет құмырлы болады. Халық — бір алып. Алайда алып та күйзелетін, қолтықтан демеуді керек ететін кез болады. Өскен ел өскендіңін паш еткені жөн. Аз қамтылған және көпбалалы отбасыларға қолдау көрсету арқылы мемлекет оларға ілгері талпынған қоғамымызбен бірге тыныстауға, бірге өрістеуге, бірге өсуге мүмкіндік береді. Өзекті жанның тілегі осы.

Рас, сонымен бірге «көпбалалы отбасылардағы барлық ұл-қызды мемлекет асырасын» деген заң

ешбір елде жоқ. Тіпті дамыған мемлекеттерде білік мұндай міндеттемені өзіне алмайды. Қазіргі құбылмалы заманда қолы қимылдап, еңбек қылмаған жанды ешкім де жарылқай алмайды. Яғни әрбір азаматымыз, тұтас ұлтымыз өрге ұмтылғанымызды, асқарлардан орын алуға лайықтылығымызды көрсетіп қалуға тырысатын заман.

Елімізде тапқан қаржысы қажеттіліктерін өтеуге қанша тырысса да жетпейтін отбасылар бар. Оларға мемлекет демеу болып, қолдау шараларын күшейтуде. Бірақ оның қайтарымы болмаса, бұл өнімсіз іске айналады. Еңдеше мемлекеттің қамқорлығымен қанаттанған ұландар биіктерге құлаш ұрып, өздері де елді жана асуларға жетелесе, ғанибет. Бұл үшін қаржылық-материалдық қамқорлық сыртында тиісті тәрбие де жүйелі жолға қойылғаны маңызды. Канаты бекіген тастүлек те өз ұсына сыймай, биікке ұшуға талпынады ғой. Байрағында бүркіт бейнеленген отанымыздың әр азаматы, әр қазақ үкімет не өзге тастаған жемге мәз болуға үйренбей, ілгері талпына берсе, еліміз жаһандық өмір бәйгесінің алдын бермейтін болады.

Елбасы Nur Otan партиясының съезінде үкіметке белгілеп берген әлеуметтік саясат алдағы жылдары үш негізгі бағытта жүргізіледі. Бұл — біріншіден, халықтың күнкөрісі нашар бөлігінің жалақысын арттыру және қолдау, екіншіден — табысы аз азаматтардың баспана мәселесін шешу және білім беру мен денсаулық сақтау салаларын жақсарту, үшіншіден — өңірлерді кешенді дамыту. Елбасының тапсырмасына сәйкес, биыл денсаулық, білім беру, әлеуметтік қорғау, мәдениет, спорт, ауыл шаруашылығы және басқа салаларда жұмыс істейтін 1 миллионнан астам бюджеттік сала қызметкерлерінің жалақысы 30 пайызға дейін арттырылады. Бұдан бөлек, 2019 жылы аудандық және облыстық деңгейде



азаматтармен тікелей жұмыс істейтін атқарушы органдардың төменгі сатыдағы қызметкерлерінің жалақысы орташа есеппен 25 пайызға көтеріледі. Бұл ауылдар, аудандар мен облыс деңгейінде жұмыс істейтін 78 мың мемлекеттік қызметшіге қатысты.

Елбасы тапсырмасына сай, аз қамтылған отбасыларды, табысы төмен көпбалалы отбасыларды атаулы әлеуметтік көмекпен (АӘК) молырақ қамту үшін бүгінде осы көмекті тағайындау тетігі жетілдірілуде. Елбасы аталған тетікті 2019 жылғы 1 сәуірден бастап іске қосуды жүктеді. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі бұл жұмысқа білек сыбана кірісті. Ағымдағы наурыз айында парламент «Атаулы әлеуметтік көмек туралы» заңына тиісті өзгерістер енгізеді.

Атаулы әлеуметтік көмекпен шараларының кешені бір жағынан, халыққа берілетін ақшалай төлемнен, екінші жағынан, жұмыспен қамтуға жәрдемдесуден, яғни оқуға, жастар практикасына, әлеуметтік жұмыс орындарына жіберу, микрокредиттер беру, жұмысқа орналастыру бойынша шаралардан тұратыны мәлім. Министрліктің дерегінше, осының аясында қабылданған шаралар елімізде бұған дейін 44 мыңнан астам адамға кедейліктен шығуға мүмкіндік берген. Енді бұл шаралар өрістетіледі. Алдағы 1 сәуірден бастап, атаулы әлеуметтік көмек көрсетудің өлшемшарт-критерийі бір адамға ең төменгі күнкөріс деңгейінің 50 пайызынан 70 пайызына дейін, яғни 14 849 теңгеден 20 789 теңгеге дейін арттырылады. Нәтижесінде, былтыр 571 мың адам АӘК алып келсе, биыл оған 830 мыңдай адам қол жеткізеді.

Үкімет тарапынан әлеуметтік қамқорлықтың басқа да жана шаралары қолға алынбақ. Бұл жерде «мұның қаншасы іске асады, қайсысы қалтарыста қалып қояды?» деген сөз жоқ. Елбасы жүктеген барлық тапсырмалары қаржымен қамтамасыз етілген. Осының дәлеліндей, қазір Мәжілістің қарауына нақтыланған үшжылдық бюджет жобасы келіп түсті. Бұған қоса, Үкімет Елбасының әрбір тапсырмасының жүзеге асырылу

Тұрғын үй ипотекасының қолжетімділігін арттыратын жаңа ауқымдағы «7–20–25» бағдарламасы қолға алынды. Әкімдерге жергілікті бюджет есебінен жеңілдетілген ипотека бойынша алғашқы жарнаны ішінара субсидиялау мәселесін пысықтауды тапсырамын. Мұндай тұрғын үй сертификаттарын беру біліктілігі жоғары педагогтер, медицина қызметкерлері, полицейлер және өңірге қажетті басқа да мамандар үшін ипотеканың қол жетімділігін арттырады. Сондай-ақ, халықтың әлеуметтік тұрғыдан өлсіз топтары үшін ірі қалаларда жалдамалы тұрғын үй құрылысын ұлғайту қажет. Бұл шаралар 250 мыңнан астам отбасы үшін тұрғын үй жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді.

(Елбасының «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауынан)

мерзімі мен жауапты меморганы нақты белгіленген арнайы іс-қимыл жоспарын түзді.

Рас, халық әліптің артын бағып, әр нәрсені өз уақытында көзімен көріп, қаржысын қолымен ұстағанша сенбеуі мүмкін. Сондықтан осы игіліктердің өмірге жолдама алуын тездету үшін жаңа әлеуметтік көмекті биыл 1 шілдеден емес, 1 сәуірден бере бастау туралы міндет қойды. Демек, Үкімет пен жауапты органдар алдында енді әбжіл қимылдап, бар құжатын, нормативтік-құқықтық актілерін әзір етіп, қағаздағыны қағидаға, жоспардағыны жосықты іске айналыдыру, осы бағытта қамқорлыққа алынған тұрғындарды еш сергелденге салмай, уақытты әрі сапалы мемлекеттік қызмет көрсету міндеті тұр.

Бакытбек СМАҒҰЛ,
Парламент Мәжілісінің депутаты,
«Qazaqstan ardagerleri»
қауымдастығының төрағасы



АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ
ҚАЙРАТ
ЫҚШАМАУДАНЫ

Қарапайым заттар экономикасы

Бірде сауда орталығын аралап жүріп кәдесей сататын дүкенді көрдім. Ерекше талғаммен әрі қазақы нақышта жасалған бұйымға толы. Қызығып бас сұқтым. Өйткені мынадай тым тәуір заттардың шыққан тегін білгім келді. Ол үшін бірдеңе сатып алу керек. Көзім қыш пиалаға түсті. Сыртында кимешек киген әже мен үш жүгермектің суреті бар. Бала кезде осылай отырушы едік. Ойланбастан соған жармастым. Сатушыдан «мына заттар өзімізде шыға ма?» деп сұрадым. Кірген мақсатым да соны білу ғой. «Жоға, Қытайда» деп жауап берді ол. Жүзінде «соны да білмейсің бе?» деген сауал тұрды.

тұрақты жұмыс орны құрылатынын, бюджетке 1,1 трлн теңге салық түсетінін, күнделікті тұтынатын заттардың импорты 59 пайыздан 37-ге дейін кемитінін жеткізді.

Сөйтіп ағымдағы жылы жеңіл өнеркәсіптегі ірі жобалар кеңейтіледі. «Атамеке» ҰКП базасында құрылған «қарапайым бұйымдар экономикасы» бағдарламасын жүзеге асыруға арналған жобалық кеңсенің өз міндеті бар. Ол жергілікті жердегі бизнесті ақпараттандырып, бағдарлама аясында қолдау көрсетуі тиіс.

Министрлік тарапынан жүзеге асып жатқан Қазақстан-Қытай жобалары, жалпы сомасы 22,8 млрд долларлық 32 жоба да өңдеу өнеркәсібін өркендетуге өз үлесін тигізеді. 2015-2018 жылдары 295 млн доллардың 5 жобасы жүзеге асқанын министр атап көрсетті.

«5,3 млн доллардың 7 жобасы жүзеге асыру кезеңінде. Соның үшеуін (350 млн доллар) биылғы жылы іске қосу жоспарланды», — дейді министр.

Олардың ішінде Алматыдағы диаметрі 355 мм және 1420 мм болат құбыр шығаратын «Эйжа Стил Пайп Корпорейшн» ЖШС, Қызылорда облысындағы шыны зауытының құрылысы, Атырау облысындағы полипропилен шығаратын «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc» ЖШС, Қызылорда облысындағы кальций содасын өндіретін «АралТүз» АҚ бар.

қарапайым заттар өндірісі кәсіпкерлерге жүктеле ме дейсін.

Қарапайым тауар дегеніміз — күнделікті тұтынатын зат. Оған азық-түлік, киім мен аяқ киім, жиһаз, құрал-сайман, тұрмыстық техникадан басқа ине-жіп, шеге, кайшы т.с.с. жиі қолданатын бұйымдар жатады. Статистикаға қарасақ, бізде қазір киімнің 99 пайызы, азық-түліктің 40 пайызы, жиһаздан басқа тұрмыстық тауарлардың 100 пайызы сырттан жеткізіледі.

Қарапайым заттар экономикасы деген не? Бұл — қомақты қаржы мен күрделі технологияны қажет етпейтін ұсақ өндіріс. Аспан асты елінің экономикасы кезінде дәл осындай ұсақ шеберханалардың арқасында көтерілгені мәлім. Көп елдер тұрмысқа қажетті өнімдерді өздерінде өндіреді. Тек біз сияқты шикізатқа тәуелді мемлекеттер сырттан, көбіне Қытайдан сатып алады.

Ақыры қарапайым заттар экономикасына бағыт алған екенбіз, бөлінген қаржыны дәл сондай ұсақ өндіріске бағыттау қажет.

Елбасы айтқан «қарапайым заттар экономикасы» колжетімді және бәсекеге қабілетті тұтыну тауарларын өндіру деген сөз. Жоғарыда айтып өткеніміздей, елімізде мата, киім, тері, кілем, ыдыс-аяқ, пластик өндіру тәжірибесі бар. Шикізат та жеткілікті. Әлбетте, қарапайым тауар өндірісін жолға қою үшін құрал-жабдық, шикізат пен логистикаға қоса, маман керек. Бұл — қиуар жұмыс. Бірақ әр аймақтың ерекшелігіне қарай нақты міндет жүктелсе, «жұмыла көтерген жүк жеңіл», мұны да іске асыруға болады. Сонда ғана ішкі нарықты сапалы, залалсыз өнімдермен қамтамасыз етіп қоймай, жана жұмыс орындарын ашу міндеті орындалады. Әрі мұндай өндіріс орындарын ірі калаларда емес, ауылды жерде ашқан дұрыс. Ондай тәжірибе бізде бар.

250 ТАУАРДЫҢ ІШІНДЕ ТҮЙІМЕ БАР МА?

Шынында да, несіне үміттендім? Күнделікті тұрмыста пайдаланатын ине-жіп, сіріңке, сабын, сусабыннан бастап түймеге дейін сырттан әкелінетінін біле тұра, әлгі сауалды қойғанымға қарадай ұялдым.

Әйтсе де, кәдесыйдың қазақы өрнегіне қарап, көңіл түкпірінде әлдебір үміттің болғанын да жасырмаймын. Мұндай ыдысқа жарамды қыш өзімізде де бар. Кеңес дәуірінде Қапшағай фарфор зауытында жасалатын кесе-шәйнектің сапасы сұмдық еді. Оңайлықпен сынбайтын. Сол өндіріс жоқ қазір. Онымен бірге Алматыдағы «Жетісу» аяқ киім фабрикасы, бас киім тігетін кәсіпорын, кілем фабрикасы, Алматы мақта-мата комбинаты, Шымкенттегі «Восход» киім фабрикасы және т.б. өндіріс орындары жай елес болып қалды.

Міне, енді ғана «қарапайым заттар экономикасына» қайтадан бет бұрдық. Оның өзінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев қайта-қайта айтып, нақты тапсырма бергеннен кейін, биыл ғана сірескен сен қозғалды.

Үкімет отырысында өткенде бір айтылған, осы аптада тағы да ауызға алынды. Индустрия және инфрақұрылымды дамыту министрі Роман Скляр өз есебінде қарапайым заттар экономикасын дамыту үшін жеңіл өнеркәсіптегі ірі жобалар кеңейтілетінін жеткізді. Министр «Елбасының тапсырмасымен қарапайым заттар өндірісін несиелеуге бағытталатын 600 млрд теңге жана серпін беру тиіс. Бұл қаржының 400 млрд теңгесі өнеркәсіп тауарлары мен жекелеген қызмет түрлерін өркендетуге жұмсалады. Соның нәтижесінде жеңіл өнеркәсіп, жиһаз және тағам өнеркәсібі, сондай-ақ құрылыс индустриясы саласында күнделікті тұтынатын 250-ден астам тауар өндіретін өндіріс іске қосылады», — деп сендірді.

Сондай-ақ ол бизнесті қаржыландыру нәтижесінде 2025 жылға қарай 16 мыңға жуық



Құбыр мен шыны, сода да керек. Бірақ мұның бәрі ірі жобалар. Оның үстіне «қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы қабылданғанға дейін қолға алынып, жүзеге асып жатыр.

Министрдің есебінде бізді елен еткізгені мынау: «Қарапайым бұйымдар шығаруға бағытталатын 600 млрд теңгенің 400 млрд теңгесі өнеркәсіп тауарларын өндіру мен жекелеген қызмет түрлеріне жұмсалады. Соның нәтижесінде 250-ден астам тауар өндіретін өндіріс іске қосылады». Тамаша жоспар. Бірақ 250-ден астам тауарға не кіреді? Қай аймақта қандай өндіріс қолға алынады? Қашан және қалай жүзеге асады? Қай өндіріске қанша ақша жұмсалады? Ең бастысы, кімдер жүзеге асырады? Бұл жағы бізге бұлдыр. «Бизнесті қаржыландыру» дегенге қарап,

Бұл арада Ресей мен Беларусь өнімдерінің елімізге бажсыз енетінін ескерген жөн. Сондай-ақ қажетті құрал-жабдықтар өзімізде өндірілмейтіндіктен, қымбатқа түсуі мүмкін. Дегенмен бұл түйінді салық жеңілдігін қарастыру арқылы шешуге болар еді.

Әрине, қанша қарапайым болғанымен, кез келген өндірісті «өп» дегеннен дөңгелетіп әкету оңайға соқпайды. Бірақ әрбір қадамды жоспарлап, кезең-кезеңімен жүзеге асырса, алынбайтын асу жоқ. Іріге жармаспай, ұсақ өндірістен бастап көрейікші. Теңгенің өзі тиыннан құралмай ма?

Гүлнар АХМЕТОВА

Ынтымақтастық

Әл Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры, академик Ғалым Мұтанов бастаған университет делегациясы Мәскеудегі М.Ломоносов атындағы ММУ-де өткен «Университеттер, қоғам және адамзат болашағы» халықаралық форумына қатысты. «Жаңа ұрпақ университеті: 4.0 траекториясы» тақырыбындағы қазақстандық жетекші жоғары оқу орны басшысының баяндамасы форумының қатысушылары арасында үлкен қызығушылық тудырды.

Форум жұмысына мындаған ресейлік және шетелдік жетекші жоғары оқу орындарының ректорлары, халықаралық ұйымдар өкілдері, Жапония, Франция, Германия, Ұлыбритания, Испания, Италия, Греция, Қытай, Қазақстан, Иран, Мысыр және басқа елдердің танымал мемлекеттік кайраткерлері мен сарапшылары қатысты.

Олар жаһандану дәуірі мен қазіргі заманның сын-тегеуріндері жағдайында жоғары мектептерді дамытудың және ғаламдық ғылыми-білім беру, технологиялық және гуманитарлық кеңістікті үйлестіруде жоғары оқу орындарының ролін арттырудың маңызды мәселелерін талқылады.

Форумының пленарлық отырыстары адамзаттың ғылыми-білім беру және мәдени дамуындағы университеттердің тарихи ролін талқылауға, сондай-ақ қазіргі заманның жаһандық мәселелерін еңсеруге арналды.

Іс-шараны аша отырып, М.Ломоносов атындағы ММУ ректоры, Еуразиялық университеттер қауымдастығының президенті, академик В.А.Садовничий университеттердің қоғамдағы маңызды миссиясын атап өтті. «Гуманитарлық білім беруді барынша дамыту керек, ол тарих, мәдениет, ана тілі және өнерге назар аудару отырып, жаһандану жағдайында сөзсіз пайда болатын моральдық және рухани ауытқуларды теңгері алады», — деді ол.

Қазақстанның жетекші жоғары оқу орны — Әл Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ректоры, академик Ғ.Мұтановтың жана буындағы университет үлгісін қалыптастыру тәжірибесі жайындағы баяндамасы зор қызығушылық тудырды. «Төртінші буын университетінің моделі халықаралық тәжірибе негізінде жасалған және жоғары технологиялық әрі рухани-адамгершілік платформалардың симбиозына негізделген. Ол жас ұрпақтың әлемнің азаматтары ретінде ізгілікті және тұрақты қоғам құруда әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыруға бағытталған», — деді ректор. Сондай-ақ бұл модельдің ҚазҰУ-да «Әл Фараби — Smart City» жобасы арқылы іс жүзінде көрініс тауып отырғанын алға тартты. Форумның қатысушылары ұсынылған үлгіге қолдау көрсетіп, оның өзектілігі мен сұранысқа ие екендігін атап өтті.

Форум аясында Еуразия университеттері қауымдастығының құрылтайы өткізіліп, ғылым және білім саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойылды.

INFORGRAPHIC



Сұхбат

Jas qazaq ұлттық апталығының бүгінгі қонағы – Таразда тұратын белгілі жазушы Несіпбек Дәутайұлы.

Jas qazaq: Несіпбек аға, Сіз Рахымжан Отарбаевпен өте жақын дос болыпсыз. Рахан өмірден ерте

Басыңыздағы қалпағыңыздың өзі керемет! Күпия болмаса, айтыңызшы, канша қалпағыңыз бар? Бағасы да

жалаулатындай сүйекті роман жазып жатқан жоқпын.

Jas qazaq: Ел ішінде жүрген жазушы болған соң халықтың тұрмысын, әлеуметтің әлеуетін күнде көзбен көресіз. Тараздағы елдің күй-жайы, жастардың тұрмысы қалай?

Н.Дәутайұлы: Халықтың тұрмысы, әлеуметтің әлеуеті ел экономикасына тәуелді ғой. Біз енді-енді еңсе көтеріп келе жатқан елміз. Экономиканың кәдірін де жаңа-жаңа пайымдап келеміз. Берілген сөз, айтылған уәде бірден жасала салмайды. Сабыр керек! Жастарды жалаң ұраннан сақтай алу қажет. Әкім-қараларды осы тұрғыдағы әңгіме үшін іздейсін. Сондықтан да шығар сөзім өтеді.

Jas qazaq: Бұрын зиялы қауым: акын-жазушылар әлеуметтік мәселелерге үн қатып, жоғары жаққа дат айтып тұрушы еді. Қазір сіздің әріптестеріңіз қаламақы мен сыйлық қана сұрайтын болыпты. Неге?

Н.Дәутайұлы: Жұрттың сөзін ашық сөйлейтін, намысын жырғатын қазақ азаматтары, шүкір бар! Акын-жазушыларға келгенде... Жыл сайын ел билігінің ұшар басындағы адамның қабылдауына баратын қаламгерлер бірі – аға, бірі – құрлас, бірі – іні дегендей топ болып кіріп жатады ғой. Былайғы жұрттың арасында «елім-ай-лағанда» басын тауға да, тасқа ұрып жүрген жауы жоқ заманның батырларының

Бағдар

«Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы

– «Қазақстан студенттері альянсының» басты бағдары. Қазіргі таңда еліміздегі жоғары оқу орындарында оқитын 530 мыңға жуық студенттің басын біріктірген іргелі ұйымның 14 облыс пен республикалық маңызы бар үш қалада филиалы бар. Соның бірі де бірегейі – «Алматы қалалық Студенттер альянсы».

ЖАСТАР КӨП ІЗДЕНЕДІ

Жастар шын мәнінде, отаншылдықтың үлгісін көрсетуге даяр ұрпақ. Сондықтан жастардың санасына патриотизм – өзін, отбасын және біздің Отанымыз үшін ұлы жауапкершілік екенін сіңіру ерекше маңызды. «Алматы қалалық Студенттер альянсы» 39 жоғары оқу орны және 81 колледждің 214 мың студентімен тікелей әрі максатты жұмыс жүргізіп келеді. Басты міндетіміз – жастардың құқықтық, әлеуметтік-экономикалық және тұрмыстық мәселелерін шешуші және тәуелсіз еліміздің қалыптасуына белсенді қатысушы ұйым ретінде жұмыс істеу. Осыған орай тиісті шаралар қабылдап, жастардың білімі мен белсенділігін көтеру бағытында жұмыстар жүргізілуде. Мәселен, тұжырымдамада көрсетілген қолжетімді және сапалы білім беруді қамтамасыз ету ниетінде «Қалың қалай, студент?», «Қалай тұрып жатырсың, студент?», «Оқулығың қалай, студент?», жана экологиялық этикаға қатысты қала тазалығын сақтауға атсалысып келеді.

Жастарға «Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасын насихаттаумен қатар, оның басты ұстанымдарын іске асыруға үлес қосу дұрыс жолға қойылған. Сол себепті, әрбір акция белгілі бір табысқа жету бағытында ұйымдастырылады. Айталық «Қалай тұрып жатырсың, студент?» жобасы аясында жылына екі рет Алматы қаласы әкімдігімен бірге жатақханаларды тексереміз. Керек болса, қажетті шара қабылданып, барлық акпарат Алматы қаласы әкімдігіне тапсырылады.

Дәстүрлі құндылықтар жүйесіне жаһанданудың қысымы, тұтынушылыққа құштарлық, жастар арасындағы радикализм қаупі, халық бірлігі, мәдени сан алуандық, толеранттылық, білім, еңбекқорлық, ғылым және инновация, отбасы, денсаулық және спорт мәселелері жаңа бастамаларға ұдайы ұйтқы болып келеді. Сонымен қатар жастар арасындағы өзекті мәселелер жекелеген жобаларымыз бойынша да қалағаланады. Жемқорлықтың алдын алу бағытында «Таза сессия» акциясы өткізіледі. Бұл студенттер арасындағы жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру және жемқорлықсыз орта қалыптастыру бағытындағы жұмыс.

«Алматы Студенттер альянсы» қалалық әкімдіктің әлеуметтік мемлекеттік тапсырыстары негізінде де жұмыс істейді. Былтыр екі жобаны жүзеге асырдық. Оның бірі – шығармашыл жастарды қолдауға бағытталған «Дельфий ойындары», екіншісі – мүмкіндігі шектеулі жастарды қолдауға бағытталған «Кедергісіз болашақ»



Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап жүргізіліп келе жатқан мемлекеттік жастар саясаты қоғам өмірінде тұрақтандырушы рөл атқарды, жастарға көп кездесетін өмір ағымының қиындықтарын жеңілдетуге мүмкіндік берді, жастардың әлеуметтенуіне жағдай жасады.

(«Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасынан)

алынды. Көптеген жоба іске асырылып жатыр. Біз алдағы уақытта да студенттердің игілігі үшін ауқымды жұмыстарды қамтитын боламыз. Жастардың басты мәселелері ұдайы ескеріледі. Мысалы, «Student Social», «Student Business», «Student Intellect», «Student Culture», «Student Tourism and Sport» секілді бағыттарда ізденетіндер мен қолға алынған шараларға атсалысатындар көп. Осы бағыттарда студенттерді барынша ынталандыру көзделген. Алдағы жоспар бойынша, Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі Алматы қаласы департаментімен бірге «Жастар» атты арнайы мониторингтік топ құру жоспарлануда. Бұл жемқорлыққа қарсы іс-шаралар кешеніне студент жастар тікелей қатыса алады деген сөз.

Тұжырымдама жастардың ойдағыдай әлеуметтенуіне, олардың әлеуетін елді одан әрі дамытуға бейімдеуге бағытталған мемлекеттік жастар саясатының тиімді моделін қалыптастыру екені белгілі. Осы орайда Алматы жастары да алға қойылған мақсатқа қол жеткізуге барынша қомақты үлес қосады.

Жасұлан ҚУАНДЫҚ,
«Алматы қалалық Студенттер альянсының» жетекшісі



ӨМІРБАЯН

Несіпбек ДӘУТАЙҰЛЫ – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, халықаралық Алаш әдеби сыйлығының лауреаты. Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының, Жазушылардың халықаралық ПЕН клубының мүшесі және Еуразия жазушылары қауымдастығының Құрметті мүшесі.

Халықаралық «Дарабоз» әдеби бөйгесінің бас жеңімпазы. F.Мұстафиннің туғанына 100 жыл толуына орай өткізілген «Ең үздік әңгіме» бөйгесінің бас жеңімпазы, республикалық «Ең үздік роман» байқауының жүлдегері. I халықаралық «Рух» әдеби бөйгесінің гран-при иегері.

«Алма ағашының бұтағы», «Әнім сен едің», «Көгілдір көйлекті көліншек», «Аты жоқ әңгіме», өкі томдық «Айғыркісі» және «Мінез», «Кісі иесі», «Ойымды етім он бөлек» кітаптарының авторы.

Түрік тілінде Анкарада «Жол» деген кітабы жарық көрген.

Республикалық «Жамбыл» әдеби-көпшілік, танымдық журналының директоры – Бас редакторы.

арзан болмаса керек? Сұраған адамға бір қалпағыңызды бере аласыз ба?

Н.Дәутайұлы: Ерекшеленіп жүру өнер емес, мінез. Жүріс-тұрысың, сөйлеу мәнерің, ойлау қалыбының оқшаулау көрінісі. Қалпақты айтсаң, ол да еркіндігіңнің бір белгісі. Астанада Бауыржан Момышұлының ескерткішінің ашылу сәтінде былайғылар күннің күйіп, желдің сабаалап тұрғанына қарамастан, галстукпен сіресіп тұрғанда, мен Президентті осы қалпақпен қарсы алып, қол бердім. Қазақ басындағысын басқаға сыйламайды.

Jas qazaq: Алматыдан, қалам ұстаған зиялы ортадан алыста жатырсыз. Бұл саяқтығыңыздың мәні неде: көп жазушының күнкілінен қашу ма, әлде көптің бірі болып қалудан қорқыныш па?

Н.Дәутайұлы: Алматы да, ондағы қалам ұстағандар да саған кітап жазып бере ме? Ендігі жерде қазақ әдебиетінің жаңа тұрпатын жасау жайлы ойлардан сай сүйегі сырқырап жүрген кімдер бар. Демек, өзіңе сен. Құдай өзіне қуат берсін!

Jas qazaq: Жазушымен әңгімелесіп отырып, оның шығармашылық жаңалығын сұрамау ұят болар. Не жазып жатырсыз?

Н.Дәутайұлы: Жазып болмаған дүниені алдын ала айтпайтын әдетім бар. Көңілдегідей шықпай қалса, алдымен өзімнен ұят! Сондықтан сүйінші сұрап, алаулатып,

Сұхбаттасқан Жарас КЕМЕЛЖАН

кетті... Отарбаевсыз, доссыз өткізген бір жылдың салмағын таразылап көрдіңіз бе?

Н.Дәутайұлы: Рахымжан деймісін?!. Жазушыны жазушымен дос ететін — рухани әлемінің туыстығы, азаматтық болмысы, мақсат-мүддесінің үйлесімі. Жиырма жылдың айналасындағы арақатынас адам ретінде, қаламгер ретінде болсын, бір-бірімізді терең танудың, бір-бірімізді мойындаудың кезеңі болды. Біз айнала қоршаған ортадағы былайғы жұрт бас ізеп отыратын көптеген құбылыстармен келісімге келе алмайтындар едік. Өз шығармаларымызда өзекті өртеген өмірімізге өгей ненің де қаққанда қаның, соққанда сөлін ағызып айтуға тырыстық. Телефон арқылы жиі-жиі хабарласып, оқыс оянып кететін ойларымызды ортаға салатын едік. Пайда болатын идеялардың қайсысы қайсымыздың ыңғайымызға келеді, соған қарай алмасып отыратынбыз.

Енді Рахымжан жок. «Аға, аңдамай айтып қалған сөзім болса, кешініз!» деген соңғы сөзімен өмірден өтті де кетті. Әйтсе де, мүлде жанашырсыз қалдым десем, өтірік болады. Адал сүт емген азаматтар аздау шығар. Алайда бар. Әй, бірақ Рахымжан емес қой, бәрі.

Jas qazaq: Рахымжан Отарбаев «Несіпбек Дәутаев алмаған жүлде, бөйге жоқ» депті. Бұл қалам қуатыңыздың артықшылығынан ба, әлде таныс-тамырларыңыздың көптігінен бе?

Н.Дәутайұлы: Біраз жүлденің бұйырғаны рас. Ал мықтылық... Мен сондаймын деп айту — ұят. Менімше, жазушы өзін-өзі сөзсіз мойындаған сәттен азғындай бастайды. Тамыр-таныстықпен жол іздегендердің де барар жері, басар тауы сол. Ғұмыр бойы Алматыдан, әдеби ортадан алыс жүрген мен ешкімнің алдына жазғанымды көтеріп барғаным жоқ, әлдене дәметкен емеспін. Өзіме-өзім тамыр-таныспын, өзіме-өзім доспын.

Jas qazaq: Қазір де әдебиетшілердің бөйгесі көп. Бір қызығы, сол жүлделерді алатын тұрақты қаламгерлер қалыптасқан. Яғни кезек-кезек алып отырады. Осындай сыбайластық сыйлықтың кәдірін қашырып, жазушы қауымының сүйкімін кетірмей ме?

Н.Дәутайұлы: Әдеби бөйгелерден көз ашпай қалғанымыз рас. Көркем әлеміміз одан көркейіп кете ме, мен оны білмеймін. Бір мысал, Қазақ хандығының 550 жылдығына орай, Қазақстан Жазушылар одағы жариялаған бөйге де қазылар алқасына мүше болған маған прозаны оқу жүктелді. 67 шығарма. Солардың арасында буыны бекіп, қабырғасы қатқан шығарма саны 10–15-тен артпай қалды. Сонда ойладым. Қазіргі қазақ прозасы қайда кетіп барады деп. Көп бөйгенің көбісінде туатын сұрақ бұл. Олай екен жазушының кәдірі кетпей, қайтеді.

Jas qazaq: Сіз — өзге қаламгерлерден оқшаусыз.

Қазақстан Халқы ассамблеясының институционалды құрылымы жыл өткен сайын нығайып, қоғамда ұйыстырушы әлеуетке ие болды. Бұл ұйым Жетісу жерінде игілікті істердің бастамашысына айналды. Әсіресе аймақта қоғамдық келісім мен ұлтаралық татулықтың тамырын тереңдетті. Осы төңіректе Қазақстан Халқы ассамблеясы Алматы облыстық филиалы төрағасының орынбасары, хатшылық меңгерушісі Ғабит Тұрсынбаймен сұхбаттасқан едік.

Jas qazaq: Кез келген мемлекетте қоғамдық келісімнің маңызы ерекше. Өйткені халық үшін бейбіт заманда мамыражай өмір сүрулен артық бақыт жок. Сондықтан елімізде татулық пен тұрақтылыққа ерекше мән берілуде. Осы тұрғыда Қазақстан Халқы ассамблеясын құру идеясының дұрыстығына халқымыз әлдеқашан көз жеткізді. Сіз бұл төңіректе не айтар едіңіз? **Ғабит Тұрсынбай:** 1992 жылы желтоқсанда Қазақстан халқының бірінші форумы өтті. Тарих қойнауында алтын әріппен таңбаланған бас қосуда Елбасы баяндама жасап, еліміздің дамыған мемлекеттер қатарына қосылуы, жұрттың дәулетті тұруы үшін халықтың ынтымағы, бірлігі мен татулығы негізгі рөл атқаратынын ерекше атап өтті. Осымен байланысты 1995 жылы наурыз айында

әрі жетілдіру міндеті — мемлекеттік саясаттың басым бағытына айналды. Қазақстанның экономикалық дамуы, этносаралық қатынастардың әлемдік қауымдастық тарапынан мойындалуы, ең алдымен, қазақ ұлтының еншісіндегі олжа екендігі анық.

Jas qazaq: Халық бірлігі — мемлекеттілік негізі. Қоғамдық бірлікті ту етіп ұстау арқылы ғана біз алдымызға болашағы берік, өркендеп, дамыған Қазақстанды ұлы мақсат қоя аламыз. Ендеше, көпұлтты халқымыз бір атаның баласындай берекелі тұруы үшін Қазақстан Халқы ассамблеясы қандай нақты қадамдарға бара алды?

Ғабит Тұрсынбай: Қазақстан Халқы ассамблеясының қызметі барысында елімізде этностық немесе діни ерекшелігіне қарамастан, әрбір азаматтың Конституциялық һәм азаматтық құқықтары мен еркіндігін толық қолдана алатын этносаралық және конфессияаралық келісімнің айрықша үлгісі қалыптасты. Халық бірлігін нығайту, қазақстандық қоамның негізін қалаушы құндылықтар бойынша қоғамдық келісімді қолдап, дамыту, экстремизм мен радикализмнің көріністеріне тойтарыс бере отырып, азаматтардың құқықтық бостандықтарына қысым жасауға жол бермеу, азаматтардың демократиялық нормаларға сүйенетін саяси-құқықтық мәдениетін қалыптастыру да осы ұйымның төл міндеті. Ынтымақ ұйытқысына айналған ұйым барлық міндетін жоғары деңгейде орындап келеді.

Қазіргі уақытта ассамблея жанынан ғылыми-сарапшылық кеңес, журналистер мен сарапшылар клубы құрылған. Барлық аймақта Достық үйі бар. Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың тапсырмасымен Астанада «Бейбітшілік және келісім сарайы» салынды. Мұнда жыл

рухани және мәдени құндылықтарын сақтауды қамтамасыз етуге арналған түрлі мәдени, білім беру және басқа да іс-шара тұрақты өткізіліп тұрады. Бүгінгі таңда өңірде этносаралық прощестерге тұрақты сараптама жүргізудің тұтас жүйесі құрылған. Бұл жүйенің негізгі элементтері — қоғамдық келісім кеңесі, Аналар кеңесі, Достық үйлері мен медиация кабинеттері. Олардың қызметіндегі маңызды бағыттардың бірі — қайырымдылыққа ынталандыру, тұрғындардың азаматтық жауапкершілігі мен қоғамдық белсенділіктерін көтеру. Сондай-ақ өңірдегі аналар кеңесі, тәжірибе көрсетіп отырғандай, отбасылық институт болып саналады.

Облыс аумағында 105 этнос өкілі тұрады. 71 этномәдени бірлестік бар, оның ішінде: 26 облыстық, 39 аудандық, 6 қалалық құрылым жұмыс істейді. Бүгінгі таңда елімізге, облысымызға танымал қоғамдық пікір көшбасшылары 32 адам, әр этнос өкілдері Қазақстан Халқы ассамблеясына мүше болып табылады. Қазақстан Халқы ассамблеясының облыстық филиалы 2025 жылға дейінгі даму тұжырымдамасын іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары бекітілген. Өткен жылы татулық, бірлік пен келісімнің орталығына айналған Талдықорған қаласындағы Достық үйінің ашылғанына 10 жыл толды. Былтыр отбасылық құндылықтарды, ұлттық салт-



дәстүрді насихаттау, толеранттылық тәрбие беруге бағытталған 8 облыстық, 6 қалалық, 17 аудандық, 245 ауылдық жерде 300-ден аса шара өтті.

Облыстық филиал қызметінің тағы бір бағыты — Медиацияны дамыту. Достық үйі — қоғамдық келісім орталығы базасында медиация орталығы жұмыс істейді. Аймақта жалпы 68 медиация кабинеті, оның ішінде 20 аудан, қала әкімдіктері жанынан ашылған. Қоғамдық медиаторларының жалпы саны — 272. Үстіміздегі жылы соларға арналған 40-тан астам семинар, тренинг өткізілді. Қоғамдық медиаторлардың қатысуымен 394 даулы мәселе шешілген.

Өңірде қоғамдық келісімді қалыптастыратын құндылықтар белсенді түрде насихатталуда. Былтыр барлық деңгейдегі қоғамдық келісім кеңестері арқылы жергілікті жерлерде 235 өзекті мәселе оң шешімін тапты. Білім басқармасымен бірлесе отырып, Талдықорған қаласындағы Оқушылар сарайында арнайы орталық құрылса, І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің базасында аталған мәселелер бойынша ғылым, білім беру орталығы белсенді жұмыс істеуде. Мұның барлығы да, алдағы жылдарда қоғамдық сананы ауқымды түрде жаңғыртуға бағытталған жұмыстардың бір парасы.

«Мерей» төсбелгісін табыстауды ұйғардық. Бұл құрметке Алматы облысынан Түяқ Есқожинаны лайық деп ойладық. Себебі ол өзі ашқан балалар үйінде қазірге дейін 700 баланы бауырына басып, оқытып, тәрбиелеп отыр. Алды шанырақ құрып, үйлі болып жатыр. Осындай аналарымыз көбейген сайын ел ішіндегі береке-бірлік нығая түседі.

Облыстық филиал құрамындағы кеңестер мен ұйымдар Елбасының Жолдауларында көрсетілген негізгі бағыттарды жүзеге асыруға үлес қосуда. «Туған жер», «100 жана есім», «Жаңғыру жолы» республикалық жастар қозғалысының аймақтық штабы белсенді жұмыс істеуде. «Қазақстанның киелі географиясы» сынды бағдарламаларды үйлестірді. «Рухы бекем, киелі мекен — Жетісу» атты экспедиция ұйымдастырылып, киелі жерлердің тізімі жасалып, аңыз-әңгімелер жинақталды. «Қазақстанның 100 жана есімі» жобасы бойынша облыстық комиссияның қарауына 312 тұлғаның кандидатурасы түсіп, республикаға 100 адамның есімі жіберілді. Нәтижесінде 6 жерлесіміздің есімі жалпыхалықтық дауысқа ілініп, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған «Асар» қоғамдық бірлестігін құрған Елдос Байлышбаевтың аты ел аузында қалды. Сонымен қатар филиал өкілдері қазақ, орыс және ағылшын тілінде «Жетісу — достық өлкесі» атты кітап шығарды. Сондай-ақ І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетімен бірлесе құрылған «Рухы бекем, киелі мекен — Жетісу» атты ғылыми-танымдық экспедиция облыстың бірқатар ауданын аралап, ел ұғымында қасиетті саналатын мекендермен танысты. Басқа да жетістіктер жетерлік. Оның бәрі еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы игілікті істер.

Jas qazaq: Алматы облысында Қазақстан Халқы ассамблеясының қоғамдық сананы модернизациялаудағы жұмысының негізгі бағыттары қайсы?

Ғабит Тұрсынбай: Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында бірлігі бекем, жауапкершілігі жоғары, біртұтас ұлт болу мақсатындағы қарышты қадамдарымызды, қоғамдық сананы өзгертудің жарқын жолын айқындап берді. Ел бірлігі, халық тұтастығы, рухани жаңғыру мен эволюциялық даму — қоғамдық тұрақтылық, бірлік пен ынтымақ жағдайында ғана қол жеткізе алатын құндылықтар, саяси және экономикалық реформалардың, ұлттық жаңғыру үрдістерінің негізі екендігін қадап айтты.

Қазақстан Халқы ассамблеясының XV сессиясында алдымызға нақты міндеттер қойып, жүзеге асыру жолын белгілеп берді. 105 этнос өкілінің басын қосып отырған Қазақстан Халқы ассамблеясы облыстық филиалы құрамындағы 71 этномәдени бірлестік өздеріне жүктелген тұрақтандырушы, топтастырушы міндетін ойдағыдай атқарып, бекітілген шаралар кешенін табысты жүзеге асырды. Солардың қатарында облыстық аналар кеңесі «Президенттік реформа және жастардың бойында патриотизм мен жауапкершілік сезімін қалыптастыру» атты республикалық семинар ұйымдастырып, Ұйғыр, Панфилов, Кербұлақ, Сарқан, Ақсу ауданында кездесу өткізді. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша барлық аудандарда қоғамдық сананы жаңғырту жөнінде жиын ұйымдастырылды. «Туған жер» жобасымен әрбір ауылдан шыққан азаматтар игілікті істерге мұрындық болуда. Олардың қатарында Еңбек Ері Жақсылық Үшкемпіров, кәсіпкерлер Бауыржан Оспанов, Хасан Әбуов, республикалық «Алтын сапа» белгісінің иегері Закиржан Кузиев, ағайынды Усеин мен Игертдин Қасанов, Александр Бузыкин сияқты көптеген белгілі азаматтар бар.

Бұл бағыттағы жұмыстар Елбасы Жолдауына орай жалғасатын болады. Сондай-ақ облыстық филиалдың түрлі этностардың тарихи отандарымен байланысын нығайту мақсатында өңірде ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Достық үйінде Құтайы Халық Республикасының, Ресей Федерациясының, Польшаның, Оңтүстік Кореяның делегациясы өзара тәжірибе алмасу мақсатында кездесулер өтеді. Облыс делегациясы Татарстан Республикасында өткен «Қазанға ізгі ниетпен» атты халықаралық мәдени-ақпараттық іс-шараға қатысты.

Jas qazaq: Міне, Наурыз мерекесі де келіп жетті. Қазақстан Халқы ассамблеясы филиалында осы ұлттық мереке қай деңгейде тойланады?

Ғабит Тұрсынбай: Наурыз — халқымыз үшін қасиетті мереке. Оның берер ұлағаты мен тәлімі мол. Осыны негізге алған Қазақстан Халқы ассамблеясы Алматы облыстық филиалы мен Достық үйі — қоғамдық келісім орталығының бірлесе ұйымдастыруымен өткен жылы «Жұлдызы жарқыраған Жетісу» атты шара өтті. Онда тәңті еткені әр ауданнан келген әжелеріміздің жастар үшін наурыз көже пісіріп, қазақы тағамға толы дастархан жайғандығы, осылайша, халықтық дәстүрімізді жаңғыртып, жас ұрпақтың санасына сіңіруге ықпал еткені болды.

Әр ауданның әже-аналары жасап әкелген көжелерінің көпшілік дәмін татып қана қойған жоқ, оның жасалу тәсіліне, әрқайсының айырмашылығына мән берді. Осылайша көже пісіріп келген аудандар арасында жеңімпаздар анықталып, оларға сый-сияпат та табыс етілді. Атап айтар болсақ, Талдықорған, Текелі қалалары мен Сарқан, Қаратал, Кербұлақ аудандарының көжелері көпшілік көңілінен шығып, жүлделі орыннан көрінді. Облыстық Аналар кеңесінің төрайымы Жамал Баймадиева мен Сарқан аудандық Аналар кеңесінің төрайымы Құлшарбат Мырзабаеваның жасаған көжесі, тіпті тіл үйірді. Көжеге қосқан дәмдерінің көптігімен де ерекшеленді.

Бұл мерекеде тек ұлттық тағамдарға ғана мән беріліп қойған жоқ, ұлттық ән-күйіміз шалқып, көпшілік «Қара жорға» бiн билеп, жұртты бір серпілтті. Сонымен қатар ұлттық ойындарымыз да ойналып, жастар қол күрестіріп, арқан тартысып, асық атып жарысты. Салт-дәстүрлеріміз де көрсетіліп, ұмыт болып бара жатқан құндылықтарымыз қайта жаңғырды. Бұл шараға өзге этнос өкілдері де белсене қатысып, қазақ ұлтының ұлттық мейрамына деген ізгі тілегін жеткізді. Ол кезегінде өзге этнос өкілдерінің де ұлттық мерекелері берекенің қара шанырағы саналған Достық үйінде үнемі жалғасып тұрады.

— Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан
Қажет АНДАС,
Алматы облысы

Қазақстан Республикасының Президенті жанынан үйлестіруші орган ретінде Қазақстан Халқы ассамблеясы құрылды. Одан бергі уақытта ассамблеяның атқарған барлық жұмысы қазақстандықтардың көз алдында өтіп жатыр.

Қазіргі таңда ассамблея этносаралық және конфессияаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырушы, елімізде өмір сүріп отырған барлық этностардың өзара тең құқықты қатынасын қамтамасыз етуші ұйымға айналды. Жиырма жылдық тарихында қоғамдағы тұрақтылықты сақтаушы қуатты құралға айналғанын уақыттың өзі дәлелдеді. Қазақстан Халқы ассамблеясының XXI сессиясында да «Мәңгілік Ел» атану үшін мемлекетте бейбітшілік пен келісім бекем болуына басты назар аударылды. «Қазақстан — 2050» Стратегиясы: бейбітшілік, руханият және келісім мәдениеті» деп аталған сессияда рухани келісімнің жеті жоғары мәдени қағидаты айрықша атап өтілді. Онда діни тұрақтылық, ортақ жауапкершілік, мемлекеттік тілді өзге ұлттардың меңгеруі, конфессияаралық



толеранттылық пен ішкі тұтастық, барлық ұлттың өмір сүру сапасын арттыру әр ұлт пен ұлыстың мәдениеті мен өнерін дамыту және этномәдени бірлестіктердің жұмысына серпін беру қағидаттары қамтылды. Бүгінге дейін ассамблея 10 мыңнан астам іс-шара ұйымдастырып, оларға 4 миллионға жуық адам қатысты. Өңірлерде Достық үйі ашылып, жемісті жұмыс істеуде. Қазақстан Халқы ассамблеясын 2020 жылға дейін дамыту Тұжырымдамасы жүзеге асырылуда. Жүргізілген сауалнама нәтижесінде қазақстандықтардың 97,5 пайызы «Ассамблея — біздің бүкіл халықтық мүдделерімізді бейнелейді» деген байламға келген.

Бүгінде бүкіл әлемді шарпыған ғаламдық дағдарыс Қазақстанға да салқынын тигізілуде. «Мемлекетте қоғамдық-саяси тұрақтылық болмай, экономикалық салада жетістік болмайды» деген қағиданы тарих әлдеқашан дәлелдеген. Сондықтан халықтың бірлігін одан

салт-дәстүрін сақтауға зор ықпал етіп келеді. Сонымен бірге көпұлтты Қазақстанның мәдени жағынан әртарапта дамуына үлес қосуда.

Jas qazaq: Алматы облысы — еліміздің стратегиялық аймақтарының бірі. Өңірімізде тарихи себептерге байланысты көптеген ұлт пен этнос өкілдері қоныстанған. Ендеше, ассамблеяның филиалы өңірдің өркендеуінде қаншалықты үлес қосып келеді?

Ғабит Тұрсынбай: Жетісу өңірі тарихи тұрғыда еліміздегі ең көпұлтты аймақ болып есептеледі. Этносаралық қатынастар саласы мен мемлекеттік ұлттық саясат мәселесі тұрақты назарға алынған. Атап айтқанда, Елбасының бастамаларын бағдарламалық тұрғыда өңірде іске асыру мақсатында арнайы комиссия құрылған. Оның құрамында белгілі қоғам және мәдениет қайраткерлері, мемлекеттік органдардың, саяси партиялардың, этномәдени бірлестіктердің, ұйымдардың, үкіметтік емес секторлар мен БАҚ өкілдері бар. Халқымыздың

Тарихты түзетіндердің бір де болса бірегейі – тұлғалар. Тұлға деп ісімен, ақылымен, қайраткерлігімен, имандылығымен халқына, еліне мәңгілік мұра қалдырған ерекше жанды айтуға болады. Ең бастысы – бұл мұра кеше де, бүгін де, ертең де Отанымыз, өркімнің және баршаның өсіп-өркендеуіне, қабілет-қарымын ашуына, аса күрделі міндеттер мен сынақтар үдесінен шығуына септесетіні, үлгі-өнеге көрсетуімен алға жетелейтіні.

Тұлғалық қасиет адамға үш жолмен беріледі. Бірі — құдайдың құзыретімен, табиғаттың жомарттығымен. Тарката айтар болсақ, «Құдайдан қорықпағаннан қорық» деген ғой дана халқымыз. Құдаймен алысқандардың біреуінің арты берекелі болған емес. Табиғаттың қадірін экологиялық ахуал бұзылғанда білетін болдық. Мұндай өңірлерде дана бала емес, шала бала туу көбейеді екен. Екіншісі — әкенің күшімен, шешенің сүтімен беріледі. «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» пайым-тұжырымның астарында баға жетпес тағылым бар. Үшіншісі — тұқым қуу. Қазақтың жеті атаға дейін қыз алыспауы — саналы, дана ұрпақ камын жегені.

Арғы-бергі тарихымызды оймен саралап жеті атасынан бері тұлғалық тұғыры биіктей түспесе, бір елі аласармаған әулеттер бар екенін көреміз. Мәселен, Абылай ханның кіндігінен тараған әулет қазақ тарихына әйгілі билеушілерді, ғұлама ойшылдарды, суреткерлерді әкелуімен күні бүгінге дейін ұлт мақтанышына айналып отыр. Сәтбаевтар әулетіне қазақ ғылымы мәңгілік қарыз. Жұбановтар әулеті қазақ өнері мен ғылымын әлемдік деңгейге көтерді. Олжабай батырдың ұрпақтары — Жаяу Мұсаны, Әлкей Марғұланды, Олжас Сүлейменовты білмейтін қазақ жоқ, сірә. Осы орайда ұлттық тарихымыздағы батырлар әулетін ерекше атауымыз керек. Қазақ руханиятының көрнекті саласын батырлар жырының құрауы әсте кездейсоқтық емес.

Батырлар институты — ұлттық тарихнамамызда ұлықтығы әрі зерделенуі толық тиянақталмаған парағы. Ол бабаларымыздың ерлік өмір салтын, әлеуметтік қатынастарын бейнелеген, күрес пен бәсекеде жеңіске құштарлығын кастерлеген құндылығы. Заманның сын-кәтерін, қоғамның өміршең қабілетін, әскери ой-санасын, халықтың педагогикасы мен мәдениетін, қысқасы, ұлттың болмыс-бітімін, мұратын, кодын сипаттайды. Ондағы жасампаздық идея мен болашаққа сенім нарқы батырларды әрқашан күтіп тұратын ажалдан, өлімнен биік әрі мықты.

Батырлар институтының әлемі саяси, экономикалық, құқықтық, тіпті гендерлік мәселелерді қамтығанымен, оның өзегін адами капитал, бірінші кезекте елі, жері үшін, азаттық үшін күресушілер құрайды. Егер оның мәні сыртқы жаудан елді, азаттықты қорғаудан бұрын дұшпанын жеңумен анықталар болса, әр ұрпақ өз заманының батырын танығанынан әріге бармас еді.

Батыр — елін қорғау, әділдік салтанаты жолындағы шайқаста ажалмен, бар я жоқ болумен бетпе-бет келген сын сағатында білім, білек, жүрек әлеуетін жұмылдырумен жеңіске жеткен немесе жеңістің алғышартын қалаған тұлға. Ол жекпе-жекте айла-тәсілмен бірді жеңуі мүмкін, қолбасшылық дарынымен мынның мерейін үстем қылуы мүмкін. Осылайша ғана қоғамдық сана оны батыр мәртебесімен таниды, мойындайды. Халық айтса, қалт айтпайды. «Біздің бабаларымыз, — делінген Елбасымыз Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында — ғасырлар бойы ұшқан құстың қанаты талып, жүгірген аннын туяғы тозатын ұлан-ғайыр аумақты ғана қорғаған жоқ. Олар ұлттын болашағын, келер ұрпағын, бізді қорғады. Сан тараптан сұқтанған жат жұртқа Атамекеннің қарыс қадамын да бермей, ұрпағына мирас етті».

Батырды, батырлар институтын кастерлеу кемел келешекті ойлаған әлем халықтарының дүниетанымына, рухани бағдарына тән. Бізде де ежелден солай. Осыдан-ақ қазақ әлемі мен

тұғырлы тұлғасы тәуелсіздікпен асқақтай түскен Карасай Алтынайұлы (1598-1671), үш ғасырлық аңыз адам, батыр Кәшке Дәулетұлы (1717-1803), XIX ғасырда Қокан, Ресей отаршыларына қарсы күүресте атағы шыққан Саурық (1798-1857), Сұраншы (1812-1864) батырлар — мәңгілік құндылықтарымыз. Карасайдың үшінші ұлы Түктіқұрт, одан Дәулет. Дәулеттен — Кәшке, Кәшкенің ұлдары — Ақымбектен Сұраншы батыр, Стамбектен Саурық батыр тарайды. Карасайдың тағы бір ұрпағы Көшек батыр — Тұңғыш Президентіміздің сегізінші атасы. Карасай әулетінен үзілмеген батырлық қасиеттер — мемлекеттілігіміздің іргесін қалаған маңызды фактор. Бұл — дәулет түзген әулет. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі бойынша дәулет мағынасы жағынан байлық, қазына, игілік, бақыт, мұра дегенді білдіреді. Ал арабша мағынасы — мемлекет, империя, ұлыс (*держава*). Мемлекетсіз дәулет жоқ, дәулетсіз мемлекеттің болашағы бұлыңғыр. Елбасымыз анықтаған «Мәңгілік Ел» ұлттық

«Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламадан» кейін бүкіл дала:

Мына заман, қай заман, бағы заман, Баяғдай болар ма тағы заман!
Қарындас пен қара орман қалғаннан соң,
Көздің жасын көл қылып ағызамын, — деп күніренгенде болашақ батыр Кәшке әлі онға да толмаған ойын баласы екен.

Соғыс баланы тез есейтеді. 1726 жылы Ордабасында өткен ұлы жиында Төле би айтқан: «Тыным тапқан ел көрмей, шығын тапқан ел көріп, қабырғам қайысып барады. Бұлан кердей бұлықсыған еліңнің бүгінгі шерін тыңдар құлақ бар ма? Шанырақ күйреп, анырауың жиілеп бара жатқан мынау күнде еліңнің бірлігін шыңдар шырақ бар ма?» — деген сөздер бала Кәшкенің санасын шарпып, намысын қайрағаны сөзсіз.

Ш.Уәлиханов XVIII ғасырды «қанды қырғын» (*кровавый*), «жантүршігерлік» (*ужасный*), «жаугершілік» (*рыцарство*) ғасыры деп атаған екен. Өкініштісі, кеңестік жылдарғы тарихнамада 1723

ҚАРАСАЙДЫҢ ҰРПАҒЫ – КӘШКЕ БАТЫР



идеясын, «Рухани жаңғыру» бағдарламасын сәтімен жүзеге асырудың басты шарты осындай құндылықтар сабақтастығын үзіп алмауда, бір сәтке көз жазып қалмауда. Жер жәннаты Жетісудың жат қолына түспей, Албан, Суан, Шапырашты, Ысты қауымдарының есте жоқ ескі замандардан өз жұртында отырғаны барлық қазақ батырларының, әсіресе Карасай, Наурызбай, Қазыбек, Өтеген, Райымбек, Кәшке, Сыпатай, Саурық, Сұраншы сынды тұлғалардың даңқы өшпейтін ерліктерінің арқасы екені даусыз. Сүйінбай Аронұлының «Сұраншы батыр» жырында: *Сұраншының болып талабы, Карасайлап шабады.*



жаһан өркениеті біте қайнасып жатқанын, «қазақ надан еді, қараңғы еді» сынды сөздердің жалғандығын көруіміз керек. Ол — ол ма, ұлы даланың Тұмар ханым, қаһарман Шырақ жайлы ерлік аңыздары «Илиада» мен «Одиссея», Роланд, Нибелунгтар, «Игорь полкы туралы жыр» әлдеқайда бұрын дүниеге келген. Сақ дәуірінен белгілі осынау үздік үлгі мен асыл мұра Күлтегін мен Тоныкөк жасындай жарқылдаған байырғы түркі дәуірінен Қазақ хандығы шаңырақ көтерген XV ғасырға дейін байымаса, бір мысқал жұтан тартқан жоқ.

Ендеше, есімі мен ісі төрт ғасыр бойы халқының санасы мен жүрегінде сақталып,

жылғы бүкілхалықтық апат пен қасірет «Ұлы қиыншылық жылдары» (*«Годы великого бедствия»*) деген жаны ашымастың шығарып салма сөзімен сипай айтылып, әділ бағаланбады, хандарымыз күсталанды, батырларымыз еленбеді. Абылайды жоңғар тұтқынынан босатушы казактын ел тұтқалары емес, қайдағы бір майор Миллер болып шықты. Билеріміз ауызға алына бермейтін. Идеологиялық өктемдік әйгілі тарихшы С.Асфендияровты: «Приемники Петра в течение XVIII века усердно помогали казахским ханам в их борьбе против казахских масс, строили военные линии и крепости, и овладели с помощью «благодарных» ханов и их приспешников значительной частью западного, северного и восточного Казахстана», — деп жазуға мәжбүрледі.

Өз тарихымызға өзгенің көзімен әрі қалауымен қарағандықтың салқыны тұлғатануға, оның ішінде батыртануға да тиді. Мәселен, Кәшке батыр жайлы деректер мен құжаттар дер кезінде жинақталмағандықтан кешенді зерттеу жүргізу қиынға соғып тұр. Ақпараттың Ресей архивінен шығуы екіталай. Өйткені Жетісу өңірі Ресейге бодандықты XIX ғасыр ортасынан аса қабылдады. Жаулап алушы отарлаған халықтың мақтанышына жоқтаушы болмайтыны түсінікті. Бар үміт Қытайдың, Өзбекстанның архивтерін тағы бір сүзіп шығуда. «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы аясында орындалатын «Архив — 2025» жобасын жүзеге асыру барысында осы мәселе қаперден шықпау керек.

Әзірге Кәшке батырдың ерлік жолын зерделеу үшін даланың ауызша тарихнамасына сүйенуге тура келеді. Әрине, оның Бұланты, Аңырақай шайқастарына қатыспағаны күмәнсіз — тым жас болатын. Біздің ойымызша, батырлығымен ерекше көзге түскені 1739-1741 жылдарғы қазақ-жоңғар кескілескен шайқасы болуы керек. 1737 жылы орта жүздің ханы Сәмеке, 1739 жылы ұлы жүздің ханы Жолбарыс дүниеден өткенін, 1741 жылы сұлтан Абылай тұтқынға түскенін ескерсек, жоңғар жағының осындай оңтайлы сәтті пайдаланып қалуға тырысканын ұғамыз. Қазақтар үшін жағдайдың мейлінше күрделі болғанын жоңғар елшісінің мына сөздері куаттайды: «Бытпыр — 1740 жылы Әбілқайыр хан бізге елшілікке Күттымбет батырды өзі жіберіп, Қалдан Сереннен Түркістан мен Ташкентті сұраған, бодан боламын деген. Аманатқа ұлын бермек болған». Орыс дерегіне сенсек: «...1741 жылы жоңғардың ханы өзінің Сары Маншы деген қолбасына 30 мың әскерді бастатып, орта жүзге жұмсап, шауып алды. Сонан соң Әбілмәмбет хан, Барак сұлтан, Жәнібек батыр және баска да беделді ел ағалары қол қойып, жоңғар ханына хат жолдаған. «Енді тиіспесін, аманатқа баламызды беруге дайынбыз», — депті.

Міне, осы шайқастарда 20-дан енді асқан Кәшке батырдың Бөлек, Наурызбай, Өтеген, Райымбек батырлармен тізе қоса соғысканы ақиқат. Ал 50-жылдардың екінші жартысында қытай шапқыншыларымен бетпе-бет келді. Қытай деректемелерінде Кәшке батырдың аға-інілері, би-батырлар Төле, Қойгелді, Тілеуке, Сасық, Құттыбай, Хангелді, Қойсоймас, Жауғаш есімдері ауызға алынған. Ұлы жүз ел тұтқаларының Қытай қолбасшысы Бандиге хатында былай делінеді: «Ойраттар бізді тонамақшы дегенді естідік. Ол хабарды ести салып, біз атқа қонып, жоңғарға ұмтылдык та, олардың қоныстарын барымталадық. Осы соғыс басталғаннан бері еліміздегі жауынгерлердің аттары бір сәтке де суытылмай келеді».

Бір қарағанда екі ел арасында жүре беретін көп ақпараттың бірі тәрізді. Шынтуайтына келгенде, мұнда үлкен саясат жатыр. Осының алдында ғана Қытай билеушілері қазақ жеріне бойлап енуін жоңғарларды тыныштандырудан туындаған уақытша, амалсыз іс-шара ретінде түсіндірген болатын. Жоңғардан жеткен суық хабарды



сылтауратқан қазақ басшылары, біріншіден, кіммен болсын соғысуға даяр екендігін білдірсе, екіншіден, қытай дипломатиясы қолданған әдісті Қытайдың өзіне қарсы қойғанын көріп тұрмыз.

Қытай шапқыншылығы Алтайдан Алатауға дейінгі аумақты қамтыды. Ұлы және орта жүздің батырлары Хангелді мен Жауғаш қытай тұтқынына да түсіпті. Дегенмен, 1756 жыл қазақ қаруының пайдасына шешілді. Оны Қытай билеушісі де мойындады. 1757 жылы қазан айындағы жарлығында: «Соғыс ісінде ұсақ-түйек болмайды... бір-біріне жауаптылықты артып, жеңісті қолдан шығарды... Біз қолынан тұқ келмейтін адамдарды алыстағы жорыққа пайдаландық... Ақтайтын еш еңбектері жоқ. Дардана, Хадаха және басқа әскербасылардың бәрі қателескен, оларды бұрынғы орнында қалдыруға болмайды», — деп жазған екен.

Кәшке батырдың соңғы ірі шайқасы 1770 жылғы қырғыздармен болған «Жайыл қырғыны», 1771 жылғы қалмақтарды ойсыратқан «Шаңды жорық» болса керек.

Иә, Кәшке батырдың жорық жолдары XVIII ғасырда қағаз бетіне түспесе де, бабалар сөзімен бізге жетіп отыр. Жеті атасының тағдыры мен тағылымын жатқа білген қазақтың ауызша тарихына сенбеуге негіз жоқ. Нақтырақ айтсақ, Жетісу батырларына қатысты ақтандақты Сүйінбай мен Жамбыл таркатқан. Ж.Жабаев «Сұраншы батыр» дастанында:

Шапырашты, Карасай
Жаудан қорқар ел ме еді? — деп сұрақ қояды да, жауапты былайша береді:

Шапырашты өз атам,
Ұлы жүзеге туысқан.
Өз әкесі Кәшке еді,
Арғы атасы Карасай.
Бір жақыны Саурық, Сұраншы,
Жауды көрсе шалады-ай!
Тұқым қуған батырлық,
Үзілмей аққан сағадай.
Ұлы жүздік қазақтың,
Бік жағында қорадай,
Жел жағына панадай.

Бұл жолдар отарлық бұғау ой мен тілді тұсаған уақыттың өзінде Дәулетұлы Кәшкеге қойылған ескерткіш дерсіз. «Тұқым қуған батырлық» деген бір ауыз сөзбен тарихи, тұлғатанулық, тіпті биологиялық-генетикалық арналарды ашуға шылбыр ұстатады. Батырларға қанша құрмет көрсетсекте, артықтық етпейді.

Жамбыл-Жәкем Кәшке батырды Шапырашты тайпасымен, Карасай батырмен тұтастықта ұлықтаумен рушылыққа, жершілдікке жел беріп тұрған жоқ. Дәстүрлі қазақ қоғамында батырды қанжығалы, шабышқылы, уақ, үйсін, таракты, табын, т.б ру атауымен айшықтау төлқұжат орнына жүрген. Соған қарап демографиясын, географиясын, ұлт тарихындағы орнын, Отан қорғаудағы әлеуетін, мәнді ерекшеліктерін таныған. Сол заман үшін ұлттық кодымыздың бір парасы болғаны рас.

Тәуелсіздікпен өлгеніміз тірілді, өшкеніміз жанды. Бүгінде Карасай, Кәшке, Саурық, Сұраншы батырлардың мазары жанаша жаңғыртылды, антропологиялық, әдеби, тарихи келбеті ғылыми дәлдікпен қалпына келтірілді. Биылдың өзінде ғана Әл Фараби атындағы ҚазҰУ-да, М.Әуезов атындағы ОКМУ-де Карасай батырдың 420 жылдығына арналған ғылыми-тәжірибелік конференциялар өтті. Қазақстан Ұлттық кітапханасында жазушы Н.Қапалбекұлының орыс тілінде шыққан «Кәшке батыр» кітабының тұсауы кесілді. Ұлттық тарихымыздың тағы бір ақтандағы тарқатылды.

Әулеттің ұлы миссиясы жалғасуда. Карасай батырдың тоғызыншы ұрпағы, Назарбай бидің немересі Нұрсұлтан Әбішұлы жана әлемдегі жаңа Қазақстанның көк туын желбіретіп, бүкіл қазақ халқының ғасырлық арман-мұратын ақиқатқа айналдырды.

Ханкелді ӘБЖАНОВ,
ҚазҰАУ «Рухани жаңғыру» гуманитарлық зерттеулер орталығының жетекшісі,
ҰҒА академигі



AINA

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



www.jasqazaq.kz

БАЛА БҮЙІНЕ



Әкемнің есімі — Базарбай, анамның есімі — Балша. Ол кезде балабақша жоқ заман. Сол кезеңнің өз қиыншылығы болды. Бірақ біз мойымалық. Балалық шақтағы естен кетпейтін естеліктің бірі — кішкентай кезімде 3-4 рет суға кетіп қала жаздаппын. 2-3 жаста болсам керек, үйіміз Сарысу өзенінің бойына тігілген еді. Анам кішкентай ініммен үйде болған. Далаға шыққанымды ешкім байқамаса керек, бірден өзенге қарай беттеппін. Қарап тұрмай, суға түсіппін. Ал өзеннің арғы бетінде бір кісі мені байқап қалып, құтқару үшін атпен өзенге қойып кетіпті.

Сұлтанәлі БАЛҒАБАЕВ,
жазушы-драматург:

«Мектепке бардым»

Суда шалқамнан жатқан бойы қалқып жағаға келіппін де, үйге тұқ болмағандай, қайта оралыппын. Мені құтқаруға келген әлгі кісі «Мына бала қалайша тірі қалды?» деп таңғалыпты.

Одан кейін де бірнеше рет суға кетіп қала жаздаппын. Біздің қыстауымыз Сыр бойы, жайлауымыз Сарысу деген өзеннің жағасы болған. Балалық шағым түйеге арналған қоршаудың ішінде өтті. Қазір оны ешкім білмейді. Ес білгелі дарқан даланың кендігін көріп, өстім. Көктемде дала жайнаған гүлге оранатын. Бетбақдаланың атауы үрейлі болғанымен, табиғаты өте әдемі. Осы өмір, көшпелі тіршілік жазушы болуыма үлкен әсерін тигізді. Ақын-жазушы болуды қатты армандалым. Осылай деуге кім үйреткенін де білмеймін. «Құдай аузына салды» деген сөзге сенгім келеді. Әкем шала-шарпы сауатты еді. Шешемнің анда-санда ән салатыны болмаса, маған «жазушы боласың» деп айтқан емес.

Бір күні Сарысудың жағасында анам киіз үй тігіп жатқан. Анам баканды 5 жасар маған ұстатып қойған. Анам жалғыз өзі киіз үйді құрады. Сол кезде баканды ұстап тұрып: «Апа мен ақын боламын» дедім. Соны неге айттым, қалай айттым әлі күнге дейін түсініксіз. Арманымды өзгертпей, ер жеткенге дейін сол ұстанымда жүрдім. Бес жасымнан бастап білім алуға ұмтылдым. Ол кезде кітап жоқ. Ата-анам да дұрыс хат танымайды. Әкемде қойдың есебін алатын дәптері болатын. Сол дәптердің шетін шимайлайды екенмін. Сол кезде әкем «жазу деген былай болады» деп, маған әріптерді жазып көрсетті. Сөйтсем, әкем орысша әріп білмейді екен. Басқасының барлығын үйретіпті. Ал анама «маған кітап әкеліп беріңіздерші» деп жылайды екенмін. Бір күні анам аудан орталығынан ескі «Әліппе» оқулығын әкеп берді. Кітапты демде менгеріп алдым. Осыны байқаған анам аудан орталығынан



«Батырлар жыры» кітабын әкелді. Одан «Қобыланды батыр» жырынан үзінді жаттап та алдым. Мектепке кәдімгідей сауатты болып бардым. Жеті жасқа толғанда әкем маған «мектепке барасың» деді аяқ астынан. Сол кезде әр колхоздан мектеп жасына жеткен балаларды жинап жатқан екен. Әкем балалардың қатарына мені де қосып жіберді. Балаларды салып алған мәшине ауылдан



200 шақырым жердегі аудан орталығына әкеліп, бөтен адамның үйіне түсіріп кетті. Сол үйде, танымайтын жерде жүріп білім алдым. Тіпті бірінші сыныпқа жалаңаяқ бардым. Сол кезде сынып жетекшім көріп «сен неге жалаңаяқсың?» дегенде, мен «аяқ киім кию керек екенін білген жоқпын» деппін.

Бір сыныпта 30 шақты оқушы болды. Ұстазымыз енді-енді әріптерді үйретіп жатыр. Мен болсам, оның бәрін біліп тұрмын. Қабілетімді байқаған ұстазым тағы не білетінімді сұрады. Мен «Қобыланды батыр» жырынан үзінді оқып бердім. Мұғалім таң қалды. Балалар түсінбей қалды. Қабілетімді байқаған ұстазым екінші сыныпқа ауыстырғысы келген-ді. Ол үшін ата-анам құжаттарға қол қоюы керек екен. Олар алыста болған соң бірінші сыныпта қалдым. Бейтаныс үйді де жатсынбадым. Күз түскенде бір танысымыз «сенің әке-шешен анау қырға көшіп келді» делі. Қуанғаным соншалықты, сабақтан шыға сала солай қарай бет алдым. Бірақ үйді таба алмадым. Түн ауа үйілген шөпті көрдім де, сол шөптің үстіне ұйықтауға бел будым. Сол сәтте үй иесі мені байқап қалып, қасыма келіп, кімнің баласы екенімді сұрады. Базарбайдың баласы екенімді айтқанда, «үйлерін мына жақта» деп бағытын көрсетті. Мен ең алғашқы өленімді 12 жасымда жаздым.

Пионерлер слетіне қатысып, алғашқы өленімді сол жерде оқыдым. Аудандық мүшәйраның лауреаты атанып шыға келдім. Сол кезде грамотаны маған Надежда Лушникова деген ақын апайымыз табыстады. Ол кісі аудандық комсомол комитетінің хатшысы екен. Грамота әлі күнге дейін сақтаулы тұр. «Адамның маңдайына жазылған» дегенге сенетін болдым. 20 жасқа дейінгі өмірім Сарысу даласында өтті. Менің жазушы болуыма иен дала қатты әсер етті.

Бала күнімізде қазіргідей аста-төк наурыз мерекесі болмады. Ондай мейрамға гыйым салынған. Наурыз мерекесі 1980-90 жылдардан бастап жанданды. Осының бәрін ой елегінен өткізгенде, қазіргі балалар бақытты ғой деп ойлаймын.

Жазып алған Мақпал НОҒАЙБАЕВА



Наурыз -наным

НАУРЫЗЕК

Жыл құстарының арасында наурызбен бірге оралатын Наурызек деген құс бар. Денесі шағын, құйрығы ұзын, ала мойын көк торғай. Наным бойынша, Наурызек келгеннен кейін күн жылынады. Қарлы-боран болмайды. Суықтың беті қайтады.

НАУРЫЗША

Наурыз айының ортасы ауа қылаулатып ақ ұлпа қар жауады. Бірақ аяз болмайды. Мұны халқымыз «Наурызша» деген.

ӘЗ НАУРЫЗ

Наурыз айының бір күні көкті жарып ерекше гүл естіледі. Оны қой сезеді екен. Қой арқылы қойшы да әлгі үнді естиді деген аңыз бар. Сол үн — әз деп аталады. «Әз болмай, мәз болмайды» деген сөз содан қалыпты.

НАУРЫЗГҮЛ

Бұл гүл қар ери салысымен бұр жарады. Шоғырланып өсетін маусымдық өсімдіктің бір түрі.



БӨРЕКЕАДІ



Тақиялы түін



Фото: Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ

ЖАҒЫМАДЫ ЖАҒДААЛЫҚ



Еліміздің аймақтарындағы әуе толқыны тағы бір қазақ үнімен толығады. Ол — Алматы облысының аумағын қамтитын «Жетісу» радиосы. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметіндегі брифингте «Жетісу» арнасының басшысы Бейсен Құранбек хабарлады.

Әуе толқынында - Жетісу радиосы

Ол: «Биыл облыстық «Жетісу» телеарнасының құрылғанына 20 жыл толады. Мерейтой аясында көптеген шара жоспарланып отыр. Телеарнаның 20 жылдығын атап өтудегі мақсатымыз — осы жылдар ішінде қол жеткізген жетістік пен табысымызды өзіміздің патша көңілді көрермендермен бөлісу. Солармен бірге жана мақсатты, жана межені анықтап, соған жетудің жолын қарастыру», — деді.

Қазіргі таңда жиілікке байқау жарияланған. «Әуе толқынында — «Жетісу радиосы» деп хабар тарататын күн жақын.



Бас редактор — директор Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Жолдасбек ДУАНАБАЙ Бас редактордың орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Әбдіманап КЕНЕС — жастар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміш

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-sait

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Нұрлаулет ТАЛҒАТҰЛЫ —
Астана қаласы (8 775 501 33 38)

Байкен КӨБЕЕВ— Ақмола және
Солтүстік Қазақстан облыстары
(8 778 910 45 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы
(8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы
(8 702 426 69 05)

Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия
mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан
облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың

орынбасары

Мейрамбек

ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима

ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-кабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25

Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2158;
Бағасы келісім бойынша

Апталық таралымы — 8 000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,
сондай-ақ «AirAstana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуежолдарының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2018 жылдың 14 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі
Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, №16904-Г куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция қозғарсын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.